Однако оба срока начинаются в один и тот же момент (в части второй после лишения лицензии и т.д., в подпункте 10) части первой с момента лишения лицензии и т.д.). Вероятно, что в подпункте 10) части первой допущена грубая ошибка, поскольку запрашивать сведения о деятельности в качестве руководящего работника с момента лишения лицензии и т.д. не имеет смысла. В связи с этим полагаем, что законодатель в подпункте 10) части первой скорее всего имел в виду срок до момента лишения лицензии и т.д.

С учетом изложенного было предложено скорректировать вышеуказанные части анализируемого пункта Закона, с учетом приведенных замечаний.

Статья 40 Закона регламентирует лицензирование актуарной деятельности. Четвертая и пятая части пункта 2 этой статьи предусматривают порядок переоформления лицензии, за исключением случаев, предусмотренных статьей 34 Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях». Между тем, в Законе не определены условия (обстоятельства) при которых лицензия подлежит переоформлению. Кроме этого, статья 34 Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях», на которую имеется ссылка, регулирует действие лицензии и (или) приложения к лицензии в случае реорганизации юридиче-

ского лица-лицензиата, тогда как актуарий по определению является физическим лицом¹⁷.

Таким образом, анализируемые нормы Закона не могут быть реализованы, поскольку в Законе не определены условия, при которых они вступают в действие. С учетом изложенного, предложено предусмотреть в Законе условия (обстоятельства), при которых лицензия подлежит переоформлению, а также указать ссылку на правильную норму.

В абзаце четвертом пункта 1 статьи 26 Закона возможность голосовать прямо голосующими акциями отделена от прямого владения размещенными (за вычетом привилегированных и выкупленных страховой (перестраховочной) организацией) акциями страховой (перестраховочной) организации¹⁸.

Следует отметить, что согласно подпункту 3) статьи 1 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах» собственником акции является акционер. Согласно статье 13 этого закона простая акция предоставляет акционеру право на участие в общем собрании с правом голоса при решении всех вопросов. Привилегированная акция не предоставляет акционеру права на участие в управлении обществом, за исключением случаев: ограничения прав акционера; внесения изменений в методику определения стоимости привилегированных акций при их выкупе обществом на неорганизованном рынке; реорганизации либо ликвидации общества; невыплаты, неначисления дивидендов по привилегированным акциям¹⁹.

В связи с этим полагаем, что выделение возможности голосовать в отдельную диспозицию нормы Закона является дублированием, поскольку право голоса является неотъемлемым правом владельца акции в силу закона.

Аналогичные замечания выявлены в подпунктах 26) и 26-1) статьи 3 Закона. С учетом изложенного предложено устранить выявленные недостатки.

Подпункт 26) статьи 3 Закона содержит следующее исключение: «за исключением случаев, когда таким владельцем является государство или национальный управляющий холдинг, а также случаев, предусмотренных настоящим Законом», которое дублируется в первом абзаце пункта 1 статьи 26 Закона. Также, в абзаце втором подпункта 1) пункта 6 статьи 15-1 Закона имеется бланкетная норма следующего содержания: «перечень рейтинговых агентств

¹⁶ Закон Республики Казахстан «О страховой деятельности» от 18 декабря 2000 года № 126, интернет-ресурс <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000126>

¹⁷ Закон Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях» от 16 мая 2014 года №202-V ЗРК, интернет-ресурс <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000202>

¹⁸ Закон Республики Казахстан «О страховой деятельности» от 18 декабря 2000 года № 126, интернет-ресурс <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000126>

¹⁹ Закон Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года № 415, интернет-ресурс <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000415>

устанавливается уполномоченным органом», которая повторяется в абзаце втором подпункта 1) пункта 14 статьи 32, абзаце втором подпункта 1) пункта 15 статьи 34, абзаце втором пункта 6 статьи 44, абзаце шестом части пятой подпункта 2) пункта 3 статьи 48, абзаце втором подпункта 1) пункта 9 статьи 48, абзаце втором пункта 9 статьи 62 Закона. Кроме этого, в абзаце третьем подпункта 1) пункта 6 статьи 15-1 Закона предусмотрена следующая бланкетная норма: «минимальный рейтинг и перечень рейтинговых агентств устанавливаются нормативным правовым актом уполномоченного органа», которая дублируется в абзаце третьем подпункта 1) пункта 14 статьи 32, абзаце третьем подпункта 1) пункта 15 статьи 34, абзаце третьем пункта 6 статьи 44, абзаце седьмом части пятой подпункта 2) пункта 3 статьи 48, абзаце третьем подпункта 1) пункта 9 статьи 48, абзаце третьем пункта 9 статьи 62 Закона²⁰. Принимая во внимание, что дублирование снижает качество Закона, предложено их устранение.

Для исключения из лицензии отдельных классов страхования подпункт 3) пункта 6 статьи 37 Закона предусматривает представление документов, подтверждающих досрочное расторжение договоров страхования и (или) передачу страхового портфеля в порядке, предусмотренном статьей 37-1 настоящего Закона, в случаях досрочного расторжения

Учитывая, что в диспозиции и гипотезе данной нормы повторяется один и тот же оборот (досрочное расторжение договоров страхования и (или) передачу страхового портфеля), который затрудняет восприятие, предложено изменить формулировку анализируемой нормы Закона.

Пункт 2 статьи 30 Закона обязывает учредителей страховой (перестраховочной) организации обратиться в органы юстиции для ее государственной регистрации не позднее двух месяцев со дня получения разрешения уполномоченного органа на ее создание. Данная норма не содержит правовых последствий пропуска срока обращения в органы юстиции учредителями страховой (перестраховочной) организации, тем самым, создает неблагоприятные условия для отказа в государственной регистрации страховой (перестраховочной) организации.

Между тем, согласно пункту 4 статьи 27 Закона разрешение на создание страховой (перестраховочной) организации имеет юридическую силу в течение шести месяцев со дня ее выдачи. Кроме этого, в соответствии с подпун-

ктом 3) статьи 29 Закона уполномоченный орган в случае истечения срока действия отзывает разрешение на создание страховой (перестраховочной) организации, в течение которого она не была зарегистрирована в органах юстиции.

Таким образом, пропуск срока обращения в органы юстиции для регистрации страховой (перестраховочной) организации не является основанием для отзыва уполномоченным органом разрешения на ее создание, однако, создает условия для отказа в государственной регистрации страховой (перестраховочной) организации. С учетом изложенного, в целях предотвращения коррупционных факторов было предложено в пункте 2 статьи 30 Закона четко определить правовые последствия пропуска срока обращения в органы юстиции, либо приравнять срок обращения в органы юстиции со сроком действия разрешения на создание страховой (перестраховочной) организации.

Пункт 1 статьи 55 Закона перечисляет основания, по которым уполномоченный орган вправе вынести решение о лишении лицензии. Данная норма носит диспозитивный характер, несмотря на веские основания для лишения лицензии (такие как: принятие судом решения о прекращении деятельности страховой (перестраховочной) организации или страхового брокера; участие страховой (перестраховочной) организации, страхового брокера в сделках, связанных с отмыванием денег или финансированием терроризма). При этом, в норме не определены критерии, по которым уполномоченный орган принимает либо не принимает решение о лишении лицензии.

Тем самым полагаем, что при указанных обстоятельствах создаются условия для совершения коррупционных правонарушений со стороны должностных лиц. С учетом изложенного было предложено изменить диспозитивный характер анализируемой нормы Закона на императивный, то есть, обязательный.

В завершение статьи хочется отметить, что одними из основных задач Реформы 4 «Правовое государство без коррупции» Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2025 года являются обеспечение высокого качества, понятного населению языкового стиля законов, точных критериев, позволяющих со всей определенностью отличить правомерное поведение от противоправного, устранение возможности для неоднозначных трактовок, произвольной интерпретации законов, исключение дублирования норм²¹.

²⁰ Закон Республики Казахстан «О страховой деятельности» от 18 декабря 2000 года № 126, интернет-ресурс <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000126>

²¹ Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года № 636 «Об утверждении Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2025 года и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан», интернет-ресурс <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000636>

УДК: 349.42

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қалдарбек Жүнісбайұлы Қуандықов

*НАРХОЗ Университеті «Құқық» кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты, Алматы қ., Қазақстан;
e-mail: kuandykov_kzh@mail.ru*

Мадина Қойшыбайқызы Жусупбекова

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
«Құқықтану» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты,
Қызылорда қ., Қазақстан; e-mail: zhmk6464@mail.ru*

Рахат Зауытбекұлы Абдрахманов

*НАРХОЗ Университетінің докторанты,
Алматы қ., Қазақстан; e-mail: arzrahat@list.ru*

Түйін сөздер: ауыл шаруашылық кооперациясы; агроөнеркәсіп кешені; құқықтық-ұйымдастырушылық мәселелер; кооперация; мемлекеттік қолдау; ауылшаруашылық кооперативтерінің құқықтық мәртебесі.

Аннотация. Мақалада ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың құқықтық – ұйымдастырушылықтың өзекті мәселелері қарастырылған. Еліміздегі ауыл шаруашылығы кооперациясын ұйымдастыру кезіндегі күрделенген және шешуге тиісті мәселелерге көңіл бөлінген. Сонымен қатар, ауылшаруашылық кооперативтерін қолдау жөніндегі әр түрлі ғалымдардың пікірлері мен шетел тәжірибесі қарастырылған.

Мақалада өркеніетті дамыған мемлекеттердің ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудағы жетістіктерге, отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің қазіргі жағдайдағы мәселелеріне талдау жасалған. Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» заңына сәйкес, ауылшаруашылық кооперативтерінің коммерциялық заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесіне арнайы талдау жасалған.

Мақалада мемлекеттік деңгейде, тұрақты түрде, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту үшін мемлекеттік және жеке инвестицияларды тартуға қатысты мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жүйелі түрде жан – жақты мемлекеттік қолдау көрсету туралы мәселелер қарастырылған.

Мақалада ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мемлекеттік қолдаудың арқасында еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі, жұмыспен қамту және экономикалық даму мәселелерін шешуге көмектесе алатындылығы айтылған. Ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығы кооперативтерін көптеп құруы халықты жұмыспен қамтамасыз ету, олардың әл – ауқатын көтеру және елімізді сапалы азық – түлікпен қамтамасыз ету сияқты көптеген мәселелерді шешуге ықпал ететіндігі айтылған. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін қандай мәселелерді шешу керектігі айтылған.

ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВОГО РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ КООПЕРАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қуандықов Қалдарбек Жунисбаевич

*Доцент кафедры «Право» Университета НАРХОЗ,
кандидат юридических наук, г. Алматы, Казахстан;
e-mail: kuandykov_kzh@mail.ru*

Жусупбекова Мадина Койшибаевна

*Доцент кафедры «Правоведение» Кызылординского государственного
университета имени Коркыт Ата, кандидат юридических наук,
г. Кызылорда, Казахстан; e-mail: zhmk6464@mail.ru*

Абдрахманов Рахат Зауытбекович

Докторант Университета НАРХОЗ,
г. Алматы, Казахстан; e-mail: arzrahathat@list.ru

Ключевые слова: сельскохозяйственная кооперация; агропромышленный комплекс; организационно-правовые проблемы; кооперация; государственная поддержка; правовой статус сельскохозяйственного кооператива.

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные проблемы организационно-правового развития сельскохозяйственной кооперации, указываются разрешаемые и сложные проблемы, возникающие при организации сельскохозяйственной кооперации в стране. Вместе с этим, рассматриваются международная практика и мнения различных ученых по поддержке сельскохозяйственной кооперации.

В статье проведен анализ достижений в развитии сельскохозяйственной кооперации цивилизованных государств, настоящего положения отечественных сельхозтоваропроизводителей. Согласно Закону РК «О сельскохозяйственных кооперативах» проведен анализ правовому положению сельскохозяйственных кооперативов как коммерческим юридическим лицам.

В статье указываются проблемы постоянного привлечения частных и государственных инвестиций для развития сельскохозяйственной инфраструктуры на государственном уровне. Кроме этого, рассматриваются проблемы необходимости всесторонней государственной поддержки субъектов сельского хозяйства, организованных в форме кооператива

Статья указывает на то, что государственная поддержка сельскохозяйственных кооперативов обеспечивает продовольственную безопасность, решает проблемы занятости населения и экономического развития страны. Создание сельскими жителями большего числа сельскохозяйственных кооперативов повлияло бы на такие проблемы как: обеспечение населения работой, повышение благосостояния народа и обеспечение страны качественными продуктами питания. Вместе с этим, в статье указаны проблемы, которые нужно решить для развития сельскохозяйственной кооперации.

PROBLEMS OF ORGANIZATIONAL AND LEGAL DEVELOPMENT OF AGRICULTURAL COOPERATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Kuandykov Kaldarbek Zhunisbaevich

Associate Professor of Law at the University NARHOZ,
Candidate of Law, Almaty, Kazakhstan;
e-mail: kuandykov_kzh@mail.ru

Zhusupbekova Madina Koyshibaevna

Associate Professor of the Department of Law, Kyzylorda State
University named Korkyt Ata, PhD in Law,
Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: zhmk6464@mail.ru

Abdrakhmanov Rakhat Zauytbekovich

Doctoral student at NARHOZ University,
Almaty, Kazakhstan; e-mail: arzrahathat@list.ru

Keywords: agricultural cooperation; agriculture; organizational and legal problems; cooperation; state support; the legal status of an agricultural cooperative.

Abstract. The article deals with topical issues of organizational and legal development of agricultural cooperation, identifies resolvable and complex problems that arise when organizing agricultural cooperation in the country. At the same time, international practice and the opinions of various scientists on the support of agricultural cooperation are considered. The article analyzes the achievements in the development of agricultural cooperation of civilized countries, the present situation of domestic agricultural producers. According to the Law of the Republic of Kazakhstan “On Agricultural Cooperatives”, an analysis was made of the legal status of agricultural cooperatives as commercial legal entities. The article points out the problems of constantly attracting private and state investments for the development of agricultural infrastructure at the state level. In addition, the problems of the need for comprehensive state support of agricultural entities, organized in the form of a cooperative. The article indicates that the state support of agricultural cooperatives provides food

security, solves the problems of employment and economic development of the country. The creation by rural residents of a larger number of agricultural cooperatives would have affected such problems as: providing the population with work, increasing the well-being of the people and providing the country with high-quality food. At the same time, the article identifies the problems that need to be solved for the development of agricultural cooperation.

Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, еліміздің агроөнеркәсіптік кешен саласын дамыту және қолдау жөніндегі көптеген мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, оларды іске асыру үшін тиісті қаржы және материалдық ресурстар бөлінді. Ауыл шаруашылығы саласын реформалауға және азық-түлік нарығын реттеуге бағытталған нормативті – құқықтық актілерде қабылданды. Дегенмен, атқарылып жатқан іс – шаралар ауыл шаруашылығы саласындағы күрделі мәселелерді және елімізді азық – түлікпен толық қамтамасыз ету мәселелерін түбегейлі шеше алған жоқ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту перспективаларына тоқталды. Елбасы жаңа технологиялар мен бизнес – модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді. Ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан – жақты қолдау көрсету керек. Елбасы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен әкімдерге 5 жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын, тиісінше, кем дегенде 2,5 есеге арттыруды тапсырды [1].

Жоғары да аталған мәселелерді шешу кезінде, еліміздегі ауыл шаруашылығы кооперациясын ұйымдастыру, оның жұмысын жандандыру және оның жұмыс істеуіне жан – жақты мемлекеттік қолдау көрсету сияқты мәселелерге көп көңіл бөлу керек. Кәсіпкерліктің бір нысаны ретінде ауылшаруашылық кооперациясының республика халқы үшін экономикалық маңызы зор. Нарық заманына сай, республиканың аграрлық секторын реформалау жағдайында, кооперация әлеуметтік қолдау және қорғауды қамтамасыз ететін ауылшаруашылық тауар өндірушілердің өндірістік және өзге де қызметінің бірлескен нысанын көрсетеді. Кооперациялау материалдық және қаржылық ресурстарды ұтымды пайдалану, нарықта белгілі артықшылықтарды иелену, тауар өндірушілердің мүдделерін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Нарықтық қатынастар жағдайында, ауылшаруашылық кооперативтік қозғалысты дамыту, ауылшаруашылық тауар өндірушілер арасында жаңа қатынастарды қалыптастыруды, экономика-

лық мәселелерді шешу үшін олардың бірігуін қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығы кооперациясын ұйымдастыру және дамыту мәселелері көптеген ғалымдардың ғылыми жұмыстарында көрініс тапты. Көптеген ғылыми зерттеушілер ауыл шаруашылығы кооперациясын экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің тиімді құралы ретінде қарастырады және оларға мемлекеттік қолдау қажеттілігін негіздейді.

Дамыған мемлекеттердегі ауыл шаруашылығы кооперациясының халықты азық – түлікпен қамтамасыз етіп отырғаны да осыған дәлел. Осындай күрделі мәселелерді ғылыми түрде зерттеген шетел ғалымдарының ой – пікірлеріне тоқталып кетсек.

Еуропа ғалымдары Е.С.Тортила, В.Валентинов және С.Илиопулостың айтуынша, «тарихқа көз жүгіртсек, шын мәнінде, тәуелсіз фермерлер жергілікті билікке және трансұлттық бөлшек сатушылардың нарықтық күзіретіне қарсы тұра алатын негізгі институционалдық және ұйымдастырушылық құрал болды» [2, 23-36 б.]. Аты аталған ғалымдардың пікіріне толық қосылуға болады. Шын мәнінде, үлкен табысқа кенелген тәуелсіз фермерлер жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтамасыз етілуіне, олардың әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешілуіне үлкен ықпал ете алады. Осы тұрғыдан келетін болсақ, олар жергілікті биліктің шеше алмаған мәселелерін шеше алатын, халықтың әл – ауқатын көтере алатын ұйымдастырушылық күшке айналады.

Америка Құрама Штаттарының ғалымы М.Л.Куктың пікірі бойынша, «кооперативтерге мемлекеттік қолдау көрсетудің негізі ретінде кооперативтердің нарықтық сәтсіздіктерінің әртүрлі нысандарын түзету мүмкіндігін атап өтеді. Бұл ретте кооперативтер бәсекелестік критерий ретінде әрекет етеді, бұл нарық тиімділігін арттырады» [3, 154-169 б.]. Шындығында, ауыл шаруашылық кооперативтеріне мемлекеттік қолдау көрсетілуі тиіс. Өйткені олардың өнімі ауа – райына, табиғат апаттарына және климаттың өзгеруіне тікелей байланысты. Тәуекелге бел буған кооперативтер табысты болған кезде, бәсекелестік критерий ретінде нарық бағасының күрт өсуіне жол бермейді.

Ресей ғалымы А.Г.Папцовтың ойынша, «ауыл шаруашылық кооперативтерінің кең таралуы, олардың жеке меншік шағын фермерлік шаруашылыққа негізделі отырып өң-

деу, маркетинг және т.б. сияқты кең ауқымды өндірісті үйлестірудің жақсы нысаны болып табылады» [4, 60-68б.]. Айтылған пікірді өз тарапымыздан толықтырып кетсек, ауыл шаруашылық кооперативтерінің кең таралуы ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеп қана қоймай, сол өңірдің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шеше алатын кәсіпкерліктің жақсы нысаны болар еді.

Тағы бір Ресей ғалымы И.А.Минаковтың айтуынша, «кооперативтерді дамыту ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, ауылдық елді мекендерді тұрақты дамытуға және шаруалардың табыстары мен әл – ауқатын арттыруға ықпал етеді» [5, 92-99б.]. Шын мәнінде, жергілікті кооперативтер ауыл шаруашылық өнімдерін (астық, ет, сүт өнімдері) өңдеп қана қоймай, оларды экспортқа шығарып, пайда тауып жатса, ауылдық елді мекендердегі жолды жөндеуге, болмаса түрлі әлеуметтік, медициналық және мәдени кешендерін салуға көмектесе алар еді.

Қытай ғалымдары А.Чэн мен С.Скоттың пікірлері бойынша, «әділдікті қамтамасыз ететін және кедейлерді қорғайтын, ұзақ мерзімді әлеуметтік мүдделерді көздейтін кооперативтерді дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту қажет» [6, 95б.].

Қытай ғалымдарының пікіріне қосыла отырып, өз тарапымыздан қосарымыз, біздің елімізде ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау - халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуі, тұрғындардың еңбек ақысын алуы, мемлекеттік бюджетке салықтың түсуі, зейнетақы қорына жарналардың түсуі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру сияқты күрделі мәселелердің шешілуіне жол ашу. Ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау үнемі және жүйелі түрде болуды талап етеді.

Қазіргі жағдайда, бірқатар объективті себептерге байланысты қазақстандық шағын және орта ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер шетелдік тауар өндірушілермен байсалды бәсекеге түсе алмайды.

Осы тұрғыда, Қазақстан ғалымы Г.У.Акимбекованың «ауыл шаруашылық өнімдерін шағын көлемде өндіру заманауи технологияларды қолдануға, ғылыми түрде астық айналымын бақылауды және үлкен ауқымда асыл тұқымды малдарды өсіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бермейді», - деген пікірімен қосылуға болады [7]. Кішігірім шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші кәсіпорындар бірігіп кооперация құратын болса, олардың пайдаланатын жер көлемі де, өндіріс құралдары да, қаржы және адами капиталдары да көбейіп, өздерінің өндірісінде заманауи технологиялар мен қосымша инвестицияларды кеңінен қолдануына мүмкіндік-

тер ашылар еді.

Қазақстан ғалымы У.Керимованың пікірі бойынша, «ауыл шаруашылығының кішігірім кәсіпорындары өз өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін, инновацияларды енгізуді, халықтың денсаулығына қауіпсіз тамақ өнімдерін жеткізуді дербес шеше алмайды және жоғары білікті мамандардың қызметтерін алу мүмкіндігінен айрылады» [8]. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сол өнімдерді өндіру кезінде әлемдік озық технологиялармен жұмыс істей алатын білікті мамандардың қызметін талап етеді. Ол мамандарды жұмысқа шақыру, тиісті еңбек ақысын төлеу, олардың жұмыс істеуіне барлық жағдайларды жасау тек үлкен табысты ауыл шаруашылық кооперациясының қолынан келеді.

Аталған мәселелерді шешу мақсатында, Қазақстан Республикасында шағын және орта ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерді ауыл шаруашылық кооперативтерін құруға бағытталған шаралар жүзеге асырылуда. Ауыл шаруашылық кооперативтері – әлемдегі ауыл шаруашылығы өндірісінің ең көп тараған құқықтық – ұйымдастырушылық нысаны болып табылады. Дамыған және дамушы елдердің аграрлық секторында ауыл шаруашылық кооперативтері маңызды рөл атқарады. Бұған ауыл шаруашылық кооперативтері дамыған мемлекеттердің нарығындағы сапалы ауыл шаруашылық өнімдерінің мол және жеткілікті көлемде болуы мысал бола алады.

Еуропа ғалымдары Е.С.Тортила, В.Валентинов және С.Илиопулостың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, «Еуропалық Одақта 600 мың адам жұмыс істейтін, 9 миллион мүшесі бар, 40 мыңға жуық кооперативтік кәсіпорындар бар. Олардың айналымы шамамен 260 млрд евро. Бұл кооперативтер ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізудің 50%-дан астамын және ауыл шаруашылығы өнімдерін жинауға, өңдеуге және сатуға арналған 60%-дан астамын құрайды» [2, 23-36 б.].

Бельгия ғалымдары А.Зеве, А.Занотти, Ф.Сулаже және А.Зелалидің пікірлері бойынша, «жалпы еуропалық экономика проблемаларын шешу, атап айтқанда, еуропалық аймақтардың, кәсіпорындар мен жұмыс орындарының экономикалық тұрақтылығы, капитал жинақтауы мен жалпы әл-ауқатты дамытуы кооперативтер қызметіне байланысты» [9]. Шындығында, өркениетті дамыған еуропалық мемлекеттердің экономикасы кооперативтер қызметіне байланысты болатын болса, еліміздің азық – түлік проблемасын шешу ауыл шаруашылық кооперативтерінің қолында екендігіне көз жеткізесің.

Еуропа ғалымдары С.Илиопулас, К.Кук, Г.Хендрик, А.Хумистің зерттеулеріне сүйенсек, «кооперативтер, көптен бері, Жаңа

Зеландияның сүт өнеркәсібіндегі басым ұйымдық құрылымға айналды. Жаңа Зеландияның дамыған кооперативтік секторы ересек халықтың 40%-ын біріктіреді және ЖІӨ-нің 22%-ын (40 млрд. АҚШ доллары) құрайды. Әлемнің 100 млн. адамы Жаңа Зеландияның сүт өнімдерімен қамтамасыз етілген» [10]. Шын мәнінде, Азия мемлекеттерінің кооперативтік секторы ЖІӨ мен халықты жұмыспен қамту мәселелерін шеше алатын болса, бұл секторды дамыту біздің еліміздегі күрделі мәселелерді шешуге өзінің үлесін қосатынына кәміл сенеміз.

Еуропа ғалымы С.Илиопуластың зерттеуіне сүйенсек, «көптеген жылдар бойы, өркениетті дамыған мемлекеттер ауыл шаруашылық кооперативтерінің дамуын ынталандыру мақсатында салықалы мемлекеттік саясат жүргізуде. Дәстүр бойынша, нарықтық экономикасы дамыған көптеген елдерде ауыл шаруашылығы кооперативтері мен ауыл шаруашылығы секторы төмендегідей нысандарда мемлекеттік қолдауға ие болуда:

- 1) достыққа негізделген құқықтық базамен қамтамасыз ету;
- 2) монополияға қарсы заңнама мен ережелерден босату;
- 3) қолайлы салықтық жағдай;
- 4) қолайлы несие алу мүмкіндігі;
- 5) техникалық көмек.

Ауыл шаруашылық кооперативтерін қолдау саясатының қарқындылығы мен үйлесімділігі дамыған мемлекеттерде әртүрлі» [11]. Аталған зерттеуге қарап, өркениетті мемлекеттерде ауыл шаруашылық кооперативтерінің дамуын ынталандыру жоғары деңгейде жүргізіліп келе жатқандығына көз жеткізесің. Біздің еліміздегі жүргізіліп келе жатқан ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдау әліде болса төмен.

Қазақстан ғалымы Г.У.Акимбекованың зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау бірқатар жолдармен жүзеге асырылады. Мемлекеттік қолдау бағдарламасының аясында ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік субсидиямен, төмен пайыздық несиенен және жеңілдетілген салықтық режиммен қамтамасыз ету көзделген. Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне түрлі қаржы көздерінен қаржылық қолдау көрсетудің көп арналы жүйесін қалыптастыру міндеті қойылған. Бағдарлама жүзеге асырыла бастағаннан бері Қазақстанның әр түрлі аймақтарында 80 мыңнан астам шаруа қожалықтарын қамтитын 800 астам ауыл шару-

ашылық кооперативтері құрылды. Аталған кооперативтер сүт, ет, көкөніс, жеміс – жидек, мақта, бал, майлы дақылдар және т.б. өнімдерді шығарумен айналысады. Жаңадан құрылған кооперативтердің қызметіне керекті инфрақұрылымына, жабдықтары мен кооператив мүшелерінің санына үнемі бақылау жүргізілуде.

Құрылған ауыл шаруашылық кооперативтерінің тиімді жұмыс істеуінің бірқатар он мысалдары бар. Мысалы, Жамбыл облысының Байзақ ауданында 17 шаруа қожалықтарын біріктіру жолымен «Жадыра» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды. Кооперативтің басқаруында жалпы 6400 га жер, оның ішінде 282 га егістік жер бар. Кооператив негізінен көкөніс өнімдерін, бақша дақылдары мен қант қызылшасын өсірумен айналысады.

Сондай-ақ, кооператив болашақта қант қызылшасын егетін алқаптарды кеңейтуді, қант қызылшасын жинайтын техниканы сатып алуды және сүт өнімдерін өндеуді ұйымдастыруды жоспарлап отыр» [12, 36-44 б.].

Еуропа ғалымдары Ж.Бижман және С.Илиопуластың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, «Ауыл шаруашылығы кооперативін дамытуды мемлекеттік қолдаудың тиімді шараларының бірі – олардың жұмыс істеуіне ыңғайлы құқықтық базаны құру. Еуропалық Одақ елдеріндегі кооперативтерге құқықтық қатынас Дания мен Ұлыбританиядағы арнайы кооператив туралы заңнаманың жоқтығымен және Италия, Испания, Португалия, Греция және Венгрияның конституцияларындағы кооперативтерге сілтеме жасаумен ерекшеленеді. Бұл конституциялық қорғау кооперативтер атқаратын әлеуметтік қызметтермен байланысты» [13, 497-508 б.].

2015 жылы 29 қазанда Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» заңы қабылданды, аталған заң ауыл шаруашылық кооперативтерінің құқықтық мәртебесінің өзгеруіне әкеп соқтырды¹. Бұрын елімізде кооперативтердің қызметі бес заңмен реттелінетін және олар атқаратын қызмет түріне байланысты коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар нысанында құрылатын. Жаңа заң барлық ауыл шаруашылық кооперативтерін өз мүшелерінің арасында пайданы бөлу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, коммерциялық ұйымның мәртебесі бар, өндірістік кооперативтің бірыңғай ұйымдық-құқықтық нысанында анықтады.

Занда ауыл шаруашылық кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің кооператив-

¹ Қазақстан Республикасының «Ауылшаруашылығы кооперативтері туралы» 2015 жылы 29 қазанында қабылданған № 372-V Заңы. [Электронный ресурс] - Режим доступа.- <http://online.zakon.kz/> (Дата обращения: 29.10.2018).

ке кірудің және одан шығудың еріктілігі, кооператив мүшелерінің тең құқықтылығына негізделген басқарудың демократиялылығы, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дербестігі және қызметінің тәуелсіздігі, өзара көмек және кооператив мүшелері үшін экономикалық пайданы қамтамасыз ету, басқару органдарының сайланбалылығы және есеп беріп отыруы сияқты негізгі қағидаттары белгіленген.

Демократиялық басқару кооперативтің әрбір мүшесі кооперативтік істерді басқаруға, меншік мөлшері мен мөлшеріне (үлес жарналарына) карамастан, бір дауыс құқығымен қатысуға құқығы бар екендігінен көрінеді. Кооператив мүшелері ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметі туралы толық ақпарат алуға құқылы. Заңнамалық түрде ауыл шаруашылық кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізудің түрлі мүмкіндіктері мен нысандары көзделген.

Швеция ғалымдары П.Осерберг пен К.Хакелиустің пікірлері бойынша, «дамыған мемлекеттерде кооперативтің басқару органдары өздерінің шешімдерін қабылдағанда, демократиялық бақылау арқылы әсер ете алатын кооператив мүшелерінің қолдауына сүйене алады» [14, 181-197 б.]. Біздің елімізде Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» заңына сәйкес, ауыл шаруашылық кооперативтерінің қызметіне кооператив мүшелерінің жеке еңбекпен араласуы міндетті емес. Енді кооператив мүшелері болып, жеке тұлғалармен қатар заңды тұлғаларда бола алады, бұл дегеніміз кооперативтердің қаржы мүмкіндіктеріне оң әсерін тигізуі мүмкін.

Жоғарыдағы заңнамадағы өзгерістер ауыл шаруашылық кооперативтерінің қызметін ашық жария түрде етуі тиіс, ал кооперативтерді оған фермерлердің мүше болып кіруі үшін тартымды етуі керек.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту бойынша жұмыстарға мемлекеттік органдармен қатар бизнес қауымдастығы пен ғылыми орта өкілдері қатысуда. 2016 жылдан бастап пилоттық кооперативтер құру және техникалық қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Атамекен» кәсіпкерлер ұлттық палатасының бірлескен жұмыс тобы жұмыс істейді. Пилоттық кооперативтер еліміздің әртүрлі өңірлерінде және ауыл шаруашылығы өндірісінің әр түрлі салаларында құрылған. Пилоттық жобаларды іске асыру кезінде алынған тәжірибе еліміздің барлық аймақтарына таратылатын болады. Қазақ агроөнеркәсіп кешені экономикасы және ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институты ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту туралы зерттеулер жүргізуде.

Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудағы маңызды мәселелердің бірі білікті кадрлардың тапшылығы болып табылады. Кооперацияның негізгі қағидаттарының бірі ретінде білім беру мен оқыту бүкіл әлемде кооперативтерді табысты дамытудың маңызды факторы ретінде танылды. Елімізге кооперативтер мен ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді ұйымдастыру туралы білімі бар мамандар қажет. Мемлекетіміздегі аграрлық университеттер мен колледждердің әлеуетін пайдалана отырып мұндай мамандарды даярлауды бастау қажет. Ауыл шаруашылығы кооперативтері мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында тұрақты негізде тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру қажет.

Осы саланы зерттеп жүрген Еуропа ғалымдары Е.Гарневка, Г.Лю, Х.Н.Шадболттың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, кооператив мүшелерін үнемі оқыту және олардың біліктілігін арттыру кооператив әлеуетінің және оның мүшелерінің деңгейін арттырады [15]. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы кооперациясын табысты дамытудың маңызды факторларының бірі ауыл тұрғындары арасында жүйелі түрде ауыл шаруашылығы кооперативі туралы ақпараттық - түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Ауыл тұрғындары кооперативтік формалардың артықшылықтары, кооперативтік істерді басқару ерекшеліктері, кооператив мүшесінің мәртебесі және кооператив қызметінің құқықтық аспектілері туралы хабардар болуы тиіс. Ауыл тұрғындары арасында осындай білімдердің, ақпараттың және түсіндіру жұмыстарының болмауы ауыл шаруашылығы кооперативін дамытуға кедергі болып табылады.

Ауыл шаруашылығы кооперациясының прогрессивті дамуы ауыл шаруашылығы өнімдерін жинау, сақтау, өңдеу және маркетинг инфрақұрылымын жүйелі түрде дамытудың мүмкін емес. Тиісті инфрақұрылымдарды дамытуға арналған инвестициялар ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісін ұлғайтуға ынталандырушы түрде әсер етеді. Мемлекеттік деңгейде, тұрақты түрде, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту үшін мемлекеттік және жеке инвестицияларды тартуға қатысты мәселелерді шешу қажет.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін келесі мәселелерді шешу керек:

- Ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жүйелі түрде жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсету. Атап айтатын болсақ, ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік субсидиямен, төмен пайыздық несиені және жеңілдетілген салықтық режиммен қамтамасыз ету, шетелден озық техника мен технологияларды алуына жәрдемдесу, егін егу және егін жинау

кездерінде арзандатылған жанар-жағар маймен қамтамасыз ету.

- Ауыл шаруашылық кооперативтерінің дамуын ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту. Атап айтатын болсақ, теміржол, автомобиль жолдары мен көпірлер салу, ауыл тұрғындарына керекті мектеп, аурухана, мәдени және әлеуметтік кешендер салу.

- Ауыл шаруашылық секторына шетелдік және отандық инвестицияны кеңінен тарту. Жергілікті әкімдердің жұмысының нәтижесін ауыл шаруашылық секторындағы, оның ішінде ауыл шаруашылық кооперативтерінің, жетістіктерімен тікелей байланысты ету.

- Ауыл шаруашылық секторына барып жұмыс істеушілерге жан – жақты қолдау көрсету, оларға әртүрлі жеңілдіктер беру.

- Ауыл шаруашылық секторына білімді

және білікті мамандарды дайындау.

- Ауыл шаруашылық кооперативтерінің басшылары мен мүшелеріне дамыған өркениетті елдердегі тәжірибемен таныстыру, олардың біліктілігін арттыру.

Әлемдегі ауыл шаруашылығы кооперациясының дамуы кооперативтердің маңызды экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қажетті әлеуетке ие екендігін көрсетті. Ауыл шаруашылығы кооперативтері мемлекеттік қолдаудың арқасында еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі, жұмыспен қамту және экономикалық даму мәселелерін шешуге көмектесе алады. Ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығы кооперативтерін көптеп құруы халықты жұмыспен қамтамасыз ету, олардың әл-ауқатын көтеру және елімізді сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету сияқты көптеген мәселелерді шешуге жол ашады.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. «Тәртіпші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». // www.akorda.kz
2. Tortia E.C., Valentinov V., Iliopoulos C. *Agricultural cooperatives. Journal of Entrepreneurial and Organizational Diversity*, vol. 2, No. 1, 2013, pp. 23-36.
3. Cook, M.L.(1993) *Cooperatives and group action*, in D. Padberg, ed., *Food and Agricultural Marketing Issues for the 21st Century*, FAMC 93–I, Texas A&M University pp. 154–169.
4. Папцов А.Г. *Нормативно-правовое обеспечение сельскохозяйственных кооперативов в странах с развитой рыночной экономикой. Материалы международной научно-практической конференции «Российское село и кооперация: сегодня и завтра» - Москва, 2017г.с. 60-68.*
5. Минаков И.А. *Развитие сельскохозяйственной производственной кооперации в России. Материалы международной научно-практической конференции «Российское село и кооперация: сегодня и завтра» - Москва, 2017, с. 92-99.*
6. Chen A., Scott S. *Rural Development Strategies and Government Roles in the Development of Farmers' Cooperatives in China. Journal of Agriculture, Food Systems, and Community Development.*, vol.4, 2014, pp. 35-55.
7. Акимбекова Г.У.(2017) *Результаты реализации нового Закона Республики Казахстан «О сельскохозяйственных кооперативах»*. <http://farmers.kz>
8. Керимова У. *Текущая роль производственных и обслуживающих кооперативов в сельском хозяйстве Южного Казахстана. Discussion Paper, 2017, Leibniz Institute of Agricultural Development in Transition Economies/ <https://www.econstor.eu>*
9. Zevi, A., Zanotti A., Soulage F., Zelalia, A. *Beyond the Crisis: Cooperatives, Work, Finance*, CECOP Publications, Brussels, Belgium., 2011.
10. Iliopoulos C., Cook M., Hendrikse G., Chumis A. *Support for farmers cooperatives. Experiences of non EU OECD countries. Wageningen UR.*, 2012.
11. Iliopoulos C. *Public policy support for agricultural cooperatives: an organizational economics approach. Annals of Public and Cooperative Economics* 84 (3), 2013, pp. 241-252.
12. Акимбекова Г.У. *Сельскохозяйственная кооперация в республике Казахстан: проблемы и пути решения. Материалы международной научно-практической конференции «Российское село и кооперация: сегодня и завтра» г. Москва, 2017г., с. 36-44.*
13. Bijman J., Iliopoulos C. *Farmers cooperatives in the EU: policies, strategies and organization. Annals of Public and Cooperative Economics.* vol.4, 2014, pp. 497-508.
14. Österberg P., Hakelius K. *Members' Perception of their Participation in the Governance of Cooperatives: The Key to Trust and Commitment in Agricultural Cooperatives. Agribusiness, Volume 25, Issue 2. 2009.,pp. 181-197.*
15. Garnevskaja E., Liu G., Shadbolt N. M., *Factors for successful development of farmer cooperatives in Northwest China. International Food and Agribusiness Management Review* Volume 14, 2011, Issue 4.

REFERENCES

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». // www.akorda.kz
2. Tortia E.C., Valentinov V., Iliopoulos C. Agricultural cooperatives. *Journal of Entrepreneurial and Organizational Diversity*, vol. 2, No. 1, 2013, pp. 23-36.
3. Cook, M.L.(1993) *Cooperatives and group action*, in D. Padberg, ed., *Food and Agricultural Marketing Issues for the 21st Century*, FAMC 93–I, Texas A&M University pp. 154–169.
4. Папцов А.Г. *Нормативно-правовое обеспечение сельскохозяйственных кооперативов в странах с развитой рыночной экономикой. Материалы международной научно-практической конференции «Российское село и кооперация: сегодня и завтра»* - Москва, 2017г.с. 60-68.
5. Minakov I.A. *Razvitie sel'skohozjajstvennoj proizvodstvennoj kooperacii v Rossii. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Rossijskoe selo i kooperacija: segodnja i zavtra»* - Moskva, 2017, s. 92-99.
6. Chen A., Scott S. *Rural Development Strategies and Government Roles in the Development of Farmers' Cooperatives in China. Journal of Agriculture, Food Systems, and Community Development.*, vol.4, 2014, pp. 35-55.
7. Akimbekova G.U.(2017) *Rezultaty realizacii novogo Zakona Respubliki Kazahstan «O sel'skohozjajstvennyh kooperativah»*. <http://farmers.kz>
8. Kerimova U. *Tekushhaja rol' proizvodstvennyh i obsluzhivajushhih kooperativov v sel'skom hozjajstve Juzhnogo Kazahstana. Discussion Paper, 2017, Leibniz Institute of Agricultural Development in Transition Economies/ <https://www.econstor.eu>*
9. Zevi, A., Zanotti A., Soulage F., Zelalia, A. *Beyond the Crisis: Cooperatives, Work, Finance*, CECOP Publications, Brussels, Belgium., 2011.
10. Iliopoulos C., Cook M., Hendrikse G., Chumis A. *Support for farmers cooperatives. Experiences of non EU OECD countries. Wageningen UR.*, 2012.
11. Iliopoulos C. *Public policy support for agricultural cooperatives: an organizational economics approach. Annals of Public and Cooperative Economics* 84 (3), 2013, pp. 241-252.
12. Akimbekova G.U. *Sel'skohozjajstvennaja kooperacija v respublike Kazahstan: problemy i puti reshenija. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Rossijskoe selo i kooperacija: segodnja i zavtra»* g. Moskva, 2017g., s. 36-44.
13. Bijman J., Iliopoulos C. *Farmers cooperatives in the EU: policies, strategies and organization. Annals of Public and Cooperative Economics.* vol.4, 2014, pp. 497-508.
14. Österberg P., Hakelius K. *Members' Perception of their Participation in the Governance of Cooperatives: The Key to Trust and Commitment in Agricultural Cooperatives. Agribusiness, Volume 25, Issue 2. 2009.,pp. 181-197.*
15. Garnevskaja E., Liu G., Shadbolt N. M., *Factors for successful development of farmer cooperatives in Northwest China. International Food and Agribusiness Management Review Volume 14, 2011, Issue 4.*



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШРҮДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Талғат Егінбайұлы Мұшанов

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының басшысы;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: t.mushanov@adilet.gov.kz

Назгүл Амантайқызы Хамзина

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығына ғылыми қызметкері;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: abutai_79@mail.ru

Түйін сөздер: кириллица; латындандыру; реформа; латын әліпбиіне көшірілген графика; құндылықтар жүйесі; стратегиялық басымдық.

Аннотация. Авторлар өз мақаласында қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына ауысуы мәселесін ең алдымен ана тілінің өткен ғасырдағы даму тарихына үңіле отырып қарастырады.

Авторлар ұлттық латын әліпбиіне көшірілген графиканы жасаған кезде жазылуын анағұрлым қысқа ету идеясын негізге алған жалпы қағидаттарға назар аударылғандығын еске салады, тілдің бір графикалық жазудан екіншісіне осыншалықты жылдам ауысу себептерін сипаттайды.

Еліміз латын әліпбиіне толық өтетін кезеңге дейін, яғни 2025 жылға дейін алда күрделі қаржы шығыстары мен ресурстарын талап ететін ауқымды жұмыс күтіп тұрғанына назар аударды.

Осыған байланысты, авторлар Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Лингвистика орталығы латын әліпбиіне ауысқан кезде назар аударуға тиіс аспектілерді, Орталық алдында қандай магистральды қиындықтар тұрғандығын және қандай ықтимал қиындықтарды еңсеру керектігін қарастырады.

Мемлекет басшысы алға қойған күрделі міндеттерге қарамастан, авторлар елордамыздың Астанаға көшуін мысал ретінде келтіре отырып, барлық қазақстандықтардың латын әліпбиіне ауысуы кезіндегі мүмкіндіктеріне оң баға береді және Лингвистика орталығының болашағына оңтайлы қарайды.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПЕРЕВОДА КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ

Мұшанов Талғат Егінбаевич

Начальник Центра лингвистики Института законодательства РК,
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: t.mushanov@adilet.gov.kz

Хамзина Назгуль Амантаевна

Старший научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства РК,
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: abutai_79@mail.ru

Ключевые слова: кириллица; латинизация; реформа; латинизированная графика; система ценностей; стратегический приоритет.

Аннотация. Авторы в своей статье рассматривают вопрос перехода алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику, вначале углубляясь в историю развития родного языка за прошлое столетие.

Авторы упоминают, что при создании национальной латинизированной графики акцентировалось внимание на общие принципы, которые исходили из идеи сделать письменность более сокращенной, описывают причины столь быстрых переходов языка из одной графической письменности в другую.

До 2025 года, то есть до периода, когда страна полностью перейдет на латинский алфавит, предстоит колоссальная работа, требующая серьезных финансовых затрат и ресурсов.

В связи с этим, авторы рассматривают те аспекты, на которые необходимо будет обратить внимание Центра лингвистики Института законодательства Республики

Казахстан при переходе на латинскую графику; какие магистральные трудности стоят перед Центром и какие возможные трудности предстоит преодолеть при переходе.

Несмотря на сложные задачи, поставленные Главой государства, авторы позитивно оценивают возможности всех казахстанцев при переходе на латиницу, приводя положительный пример переноса столицы в Астану и оптимистично смотрят в будущее Центра лингвистики.

SOME ISSUES OF THE TRANSITION OF KAZAKH ALPHABET INTO LATIN GRAPHICS

Mushanov Talgat

Head of Department of Linguistic center of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: t.mushanov@adilet.gov.kz

Khamzina Nazgul

Senior researcher of Linguistic center of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: abutai_79@mail.ru

Keywords: *cyrillic, latinization, reform, latinized graphics, system of values, strategic priority.*

Abstract. *The authors in their article consider the issue of the transition of Kazakh language from Cyrillic alphabet into Latin script, in the beginning going into the history of the development of native language over the past century.*

The authors mention that when creating a national latinized graphic attention was given to general principles, which is built on the idea of making writing more abbreviated; describe reasons for such rapid language transitions from one graphic writing to another.

Until 2025 - the period when the country will fully switch to the Latin alphabet - there will be tremendous work requiring serious financial costs and resources.

In this regard, the authors consider those aspects to which attention of Linguistic Center of the Institute of Legislation should be given during the transition to Latin script; what are the main difficulties for Linguistic Center.

Despite the targets set by the Head of State, the authors positively assess possibilities of Kazakh people during the transition to Latin alphabet, citing a positive example of moving the capital to Astana and are optimistic about the future of Linguistic Center.

Латын әліпбиі. Өткенге үңілсек

Еліміздің бағдаршамына айналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Менеліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» дей келіп, аталмыш мақаланың «Таяу жылдардағы міндеттер» деген бөлімінде қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің маңыздылығы туралы айтты. «Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек»- деді Елбасы.

Осылайша 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы мәселе күн тәртібіне қойылды. Елбасымыздың бұл идеясы маңы-

здылыққа ие өміршең тақырып. Өйткені, өркениетті елдерде латын графикасы бұрыннан бері пайдаланылуда. Мысалы, Түркия 1929 жылы, Әзербайжан 1992 жылы, Өзбекстан мен Түрікменстан 1993 жылы латын әліпбиіне ауысты. Ал еліміздің тарихына үңілсек, латын әліпбиі 1929 жыл мен 1940 жылдар аралығында пайдаланылған. Алайда кеңес дәуірінің идеологиялық саясатына байланысты Қазақстан кейін кириллицаға ауысты.

Өткен ғасырда Қазақстанда әліпби үш рет ауыстырылған (1929 жылға дейін араб графикасы, 1929-1940 жылдары латын графикасы, 1940 жылдан бастап кириллица пайдаланылды) [1].

Википедияның мәліметтері бойынша, 1929 жылдың 8 тамызында «КСРО араб жазуы халықтарының жаңа латын әліпбиі туралы» КСРО Орталық сайлау комиссиясы мен ХКК қаулысымен латын әліпбиіне ресми мәртебе берілді.

Ұлттық әліпбиді латын графикасына көшірукезінде жазуды неғұрлым қысқартып алу идеясынан негізделген мынадай (баспагерлердің еңбегін және қағаз бен бояуды үнемдеу үшін):

- Қос әріптік мағынадан аулақ болу;
- Әріптен бөлек жазылатын диакритикалық таңбалардан аулақ болу; оның орнына біріктірілген диакритикалық таңбаларды қолдану («Қ» және «Ң» қазақ дыбыстары сияқты немесе жол үстінде таңбаларды немесе сызуларды қолдану);
- Қажет болған жағдайда басқа жазулардан латын әліпбиінің стиліне ұқсайтын таңбаларды алу (мәселен, ағылшын);
- Қажет болған кезде дыбысталуына қарай әріптердің таңбалануын өзгерту;
- Алайда әріптерді тым көп тізбелемеу, яғни дыбыстардың жіңішке позициялық нұсқаларын емес, ортақ фонемаларды көрсету сияқты жалпы қағидаттарға назар аударылды¹.

Қазақтың көрнекті лингвист-ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», - деген болатын. Біз мұны қоғамның дамуына орай жаңа үрдістердің қалыптасуы қажеттілігіне байланысты айтылған деп ұғамыз. Олай болса, бүгінде жаңарған қазақстандық қоғам үшін латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру талабы болып отыр. Өйткені бұл ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі ғана емес, қазақтың арғы-бергі тарихы таңбаланған жәдігер, ертенгі күнгі ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін соны құбылыс.

Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиінің ислам әлемінде көшбасшы болып табылатын алыс шетелдің бірқатар елдерінде (Түркия, Индонезия, Малайзия) пайдаланылатындығын атап өту керек. Мысалы, Азиялық континенттің ислам дінін ұстанатындар тұратын бөлігінде латын әліпбиі пайдаланылады, ал Қытай мен Жапонияда иероглиф жазуымен қатар латын транскрипциясы белсенді түрде пайдаланылады (атап айтқанда, аталған елдерде компьютерлендіру проблемасы дәл осы тәсілмен шешілген). Сонымен қатар, латын әліпбиін Латын Американың барлық елдері, сондай-ақ Африка халқының анағұрлым дамыған елдері пайдалануда.

Демек енді 2025 жылға дейін күрделі қаржы мен ресурстар шығындарын талап ететін үлкен жұмыс алда тұр. 2000 жылдың басында-ақ ҚР БҒМ Ғылым комитетінің жұмыс тобы экономикалық белсенді халықтың белгілі бір бөлігін үйретудің өзіне аз шығын талап етіледі деп есептеген болатын. Латын әліпбиіне ауысуға байланысты шығындарды талап ететін оқытудан басқа іс-шаралар өте көп.

Жаһандану дәуірінде еліміздің түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшуі рухани жаңғырудың алғы кезектегі маңызды сатысы болатыны сөзсіз.

Латын әліпбиіне көшу заман талабы

Қазақ әліпбиінің латын әліпбиіне көшуі жайында бүгінде әртүрлі пікірлер айтылуда. Филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірінше: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды».

Айтса айтқандай, латын әліпбиіне көшу мәселесінің жүгін негізінен қазақ тілді аудиторияның көтеретіні белгілі. Бұл маңызды міндетті атқаруда біздің Заңнама институтының Лингвистика орталығының да алдында күн тәртібінде тұр. Латын әліпбиіне көшуге байланысты Орталық атқаруға тиіс жұмыстарға тоқталсақ. Орталықтың сарапшылары қазақ және орыс тілдерінде заңдар мен халықаралық шарттар жобаларының мәтіндеріне теңтүпнұсқалылыққа лингвистикалық сараптама жүргізеді. Штат саны бойынша 22 адам жұмыс істейтін біздің Орталықты мысалға ала отырып, қандай іс-шаралар жүргізу қажеттігін болжап көрелік:

- 1) қазақ жазуының тарихымен таныстыру;
- 2) латын әліпбиінің жаңа қағидаларын үйрету;
- 3) іргелі және ғылыми қолданбалы зерттеу шеңберінде заңнама терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктерін латын әліпбиіне негіздеп қайта басып шығару;
- 4) латын әліпбиіне көшу мәселесін заң жобаларын әзірлеушілермен дөңгелек үстелдер мен конференциялар, отырыстар өткізіп талқылау қажет және т.б.

Бұл алдағы уақытта біз атқаратын іс-шаралардың ауқымды бағыттары ғана, бұдан да басқа шешімін табуға тиіс мәселелер жетіп жатыр.

Белгілі талдаушы С. Сұлтанғалиевтің пікірінше, сарапшылар Қазақстан-Өзбекстанның қателіктерін қайталауы мүмкін деп қауіптенеді. Бұл елде латын әліпбиіне көшу 1993 жылы басталған еді. Соңғы мерзім 2005 жыл болып, кейін 2010 жыл болып аталған еді, алайда осы уақытқа дейін бұл мәселеде әлі де айқындылық жоқ. Оның пікірінше, елдегі мұнай бағасының ауытқуына байланысты

¹ Википедия «Латинизация» /<https://ru.wikipedia.org/wiki/Латинизация>.

нашарлауға беталған күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік бюджеттің жүйелі тапшылығы, банк секторының тұрақсыздығы және көптеген әлеуметтік проблемалардың шешілмеуі аясында латын әліпбиіне көшу жүргізілетіндігі реформаға көптеген қарсы болушылар үшін қосымша қоздырушы фактор болып табылады.

Демек, латын әліпбиіне көшу жайында халық арасында кеңінен насихат жұмыстары жүргізілуі керек. Бұған ұқсас жағдай қазақ тілін қолдануға қатысты қалыптасты, яғни, оның қолданылу аясы үкімет бағдарламалары мен жоспарларының арқасында емес, өзіндік табиғи жолмен кеңейуде. Белгілі болғанындай билік қазақ тілін меңгерген ересек халықтың үлесін 2017 жылда 93% дейін жеткізуді жоспарлаған болатын, бірақ бұл көрсеткішке қол жеткізудің ауылы біз үшін әлі алыс сияқты. Басқа елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай жаңа графика халықтың негізгі бөлігі мемлекеттік тілді жақсы меңгерген жерде анағұрлым сәтті енгізілуде.

Осы орайда білікті маман К. Нұровтың: «Егер қандай да бір қадам орынды болса, онда ол үшін техникалық құралдар мен мақсатқа жету жолдарын табу қажет» деген пікірі көңілімізге қонымды. Бүгінгі күндегі басты проблема кириллица емес, соның негізінде жасалған әліпбидің ауқымдылығында болып отыр. 42 символдың болуы қазақ тілін үйренуді де, оны компьютерлерде, телефондарда, гаджеттерде және т. б. пайдалануды да қиындатады. Мысалы, дизайнерлер үнемі қаріп тапшылығына тап болады. Ерекше белгілерді пайдалану салдарынан қазақ тіліндегі мәтіндер көбінесе қосымша бағдарламалық камтасыз етуді пайдаланбай оқылмайды. Мұның барлығы латын әліпбиі арқылы шешуге болатын проблемалар. Демек, мемлекеттік іс қағаздарын латын әліпбиіне көшіру жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс».

Біздің пікірімізше, қазақ әліпбиінің латын әліпбиіне көшуі Үкіметтің стратегиялық жағынан ақталған міндеті. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, әліпби реформалары үнемі және барлық жерде қоғам дамуының күрделі, өтпелі кезеңдерінде орын алған. Дегенмен, белгілі бір мемлекеттердің бірінші тұлғалары ұзақ мерзімді стратегиялық пайымдаулардан шығатын ерікті саяси шешімді қабылдады және нәтижесінде ол жүзеге асырылды. Бұған қоса, бүкіл әлемдік тарихи тәжірибе ағымдағы сәттің тек меркандильді мүдделері ғана емес, сондай-ақ стратегиялық басымдық ретінде белгілі бір социумның негізгі құндылықтары негізге алынған мемлекеттік бағыттың дәл осы ұзақ мерзімді

стратегиясының болашақта анағұрлым тиімді болатындығын дәлелдеп отыр.

Қазақстандық социум құндылықтарының жүйесі бүгінгі таңда қалыптасу сатысында, алайда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялау фактісінің өзі Қазақстан халқының белгілі бір тарихи таңдауын көрсетіп отыр. Өйткені, Елбасымыздың «Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» - деуі бекер емес.

Жалпыжұрт мойындаған әлеуметтік ғылымда кез келген адам қоғамдастығы белгілі бір құндылықтар жүйесі маңында бірігетіндігі факт болып табылады. Ұлттық тіл пайдаланатын графика жүйесі (басым көпшілік жағдайларда - әліпби) сол немесе өзге социумның символдары жүйесінде бірінші кезектегі рөлде және ұлттық өзгешелікті қалыптастыруда күшті әсер етеді.

Жоғарыда жазылғанды негізге ала отырып, қазақ тілінің латын графикасына ауысуы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайту және қазақтардың дербес саяси сәйкестігін қалыптастыру процесінде шешуші рөл атқаратындығы анық.

Тұжыра айтсақ, бүгінгі күнде латын әліпбиі әмбебап қолданылатын халықаралық әліпби болып табылады. Оны пайдалану біздің Батысқа еліктеуімізге байланысты емес, еліміздің дүниежүзілік қауымдастыққа толыққанды мүше ретінде енуімізге байланысты болып отыр. Қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуі ұзақмерзімдік болашақта стратегиялық жағынан ақталған деуге болады².

Бұған қоса, аталған жобаны жүзеге асырумен байланысты күрделі қауіптердің барлығын да ескеруіміз керек. Әліпби реформасы оны жүзеге асыру кезінде ана тілін (кириллицаны) жақсы меңгерген, сауатты және оны кәсіптік немесе оқу қызметінде белсенді пайдаланатын қазақтарға біршама қиындықтар тудыратыны белгілі, олардың қатарына Лингвистика орталығы қызметкерлерін де жатқызуға болады. Бұл біріншіден, заң жобалары мен халықаралық шарттарды әзірлеушілерді қайта бағдарлау үшін қаншалықты жұмыс ауқымын еңсеру керектігіне тағы да ерекше назар аударуды қажет етеді.

Екіншіден, «Әділет» электрондық порталында бар база туралы, дәлірек айтқанда бұл порталдағы қазақ тіліндегі заңнама базасының барлығын ауыстыру қажеттігі туралы мәселе туындайды (барлық деректерді латын графикасына ауыстыру бойынша жұмыспен кім шұғылданады?).

² Переход на латиницу: проблемы и перспективы / <https://e-history.kz/ru/publications/view/3452>

Басқаша айтқанда, егер де қазақ әліпбиінің латын графикасына ауыстыру материалдық жағынан да, әдістемелік жағынан да жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмесе, онда дәл осы қазақ тілінде сауатты азаматтарды біліктілігінен айыру сияқты күрделі қауіптің бас көтеретіні даусыз.

Осылайша, әліпби реформасы толық жауапкершілікпен жүзеге асырылуға тиіс. Берілген мерзім аса тығыз (ел Президентінің бағдарламалық мақаласында анық көрсетілген), бұл Республиканың жоғары басшылығы

тарапынан толық және егжей-тегжейлі бақылауды қиындатады және оны сол бақылауды талап ететіні белгілі.

Алайда еліміздің жаңа астанасы – Астана қаласы құрылысы жобасының сәтті іске асырылуын мысалға алатын болсақ, қазақстандықтар бұл міндетті де бұлжытпай еңсереді деген ойдамыз.

Түйіндей айтсақ, орталық ұжымы алдында бірігіп еңсеруді қажет ететін жоспарлы жұмыстар бар. Іске сәт дейміз!

ЛИТЕРАТУРА

1. «Латинизация: сможем ли мы осуществить эту реформу?» Сауле Исабаева/<https://camonitor.kz/26662-latinizaciya-smozhem-li-my-osuschestvit-etu-reformu.html>

REFERENCES

1. «Latinizacija: smozhem li my osushhestvit' jetu reformu?» Saule Isabaeva/<https://camonitor.kz/26662-latinizaciya-smozhem-li-my-osuschestvit-etu-reformu.html>

ӘОЖ (УДК) – 811.512.122' 374:34

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бекен Ахметоллаұлы Шолан

Қазақстан Республикасының Заңнама институты
Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар
жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының
аға ғылыми қызметкері, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы;
e-mail: sholan50@mail.ru

Түйін сөздер: халықаралық құжаттардың маңызы; халықаралық терминдер аудармасының мәселелері; ғылыми анықтама; тұрақты тіркестер және тезаурус.

Аннотация. Мақаланың кіріспе бөлімінде жалпы халықаралық құжаттардың маңызы, мемлекеттер арасында жасалатын келісімдер мен шарттардың және басқа да құжаттардың ел экономикасын дамытуда, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуда алатын орны туралы сипаттама беріледі.

Бұл мақалада еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары дүниежүзінің көптеген елдерімен Қазақстан жасасқан шарттар, келісімдер, хаттамалар, келісімшарттар, конвенциялар мен меморандумдар халықаралық қатынастардың нығайуына, елдің дамуына елеулі ықпал етіп отырғаны сөз болады.

Автор Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыптарындағы Қазақстан халқына Жолдауларында және Ұлытау төріндегі сұхбатында мемлекеттік тілге байланысты айтылған пікірлерін басшылыққа ала отырып, осы бағытта тиімді жүзеге асырылатын іс-шараларды атап көрсетеді.

Кейбір халықаралық құжаттардың мемлекеттік тілдегі мәтіндеріне талдау жасалып, анықталған сәйкессіздіктер нақты мысалдармен сараланады. Кейбір терминдер мен сөз тіркестеріне ғылыми тұрғыдан анықтамалар беріледі. Оладың Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия (бұдан әрі – Терминком) мүшелерінің талқысынан өткен дұрыс баламалары ұсынылады.

Сөздердің, сөйлемдер мен сөз тіркестерінің тезаурусын қалыптастыруға қатысты мәселеге үнемі назар аударылмай отырғандығы сөз болады.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ТЕРМИНОВ В МЕЖДУНАРОДНЫХ ДОГОВОРАХ

Шолан Бекен Ахметоллаулы

*Старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства Республики Казахстан, г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: sholan50@mail.ru*

Ключевые слова: *важность международных договоров; вопросы перевода международных терминов; научное обоснование; устойчивые словосочетания и тезаурус.*

Аннотация. *Во введении статьи говорится о важности международных договоров, описывается роль соглашений, договоров и других документов, заключенных между государствами в развитии экономики страны и улучшении благосостояния народа.*

В статье отмечается вклад договоров, соглашений, протоколов, конвенций и меморандумов Казахстана, заключенных со многими государствами мира в период после получения независимости нашей страны, в налаживании международных отношений и развитии государства.

Принимая во внимание мнения, высказанные Главой государства Н.А. Назарбаевым в Посланиях народу Казахстана, посвященных темам: «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», и в ходе беседы в Улытау в отношении государственного языка, автор отмечает о проделанной работе в данном направлении.

Проведен анализ нескольких текстов международных договоров на государственном языке, выявленные несоответствия показаны конкретными примерами. Некоторым терминам и словосочетаниям прилагаются научные обоснования. После обсуждения членами Республиканской терминологической комиссии при Правительстве Республики Казахстан представлены утвержденные варианты таких слов.

В статье также поднимается вопрос о недостаточном уделении внимания при составлении тезауруса слов, предложений и словосочетаний.

SOME QUESTIONS OF TERMS IN INTERNATIONAL TREATIES

Sholan Beken

*Senior Researcher of the sector of scientific and linguistic expertise of legal acts and international agreements of Linguistic center of Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan;
e-mail: sholan50@mail.ru*

Keywords: *the importance of international treaties; the translation of international terms; scientific rationale; firm phrases and thesaurus.*

Abstract. *The introduction of the article refers to the importance of international treaties, describes the role of agreements, treaties and other documents concluded between states in the development of the national economy and improving the welfare of the people.*

The article notes the contribution of treaties, agreements, protocols, conventions and memorandums of Kazakhstan, concluded with many states of the world in the period after our state gained independence, in establishing international relations and state development.

Taking into account the opinions expressed by the Head of State N.A. Nazarbayev in the Address to the people of Kazakhstan on the topics: “Strategy “Kazakhstan-2050”: a new political course of the established state”, “Kazakhstan’s way-2050: Common goal, common interests, common future”, and during the conversation in Ulytau regarding the state language, the author notes about the work done in this direction.

The analysis of several texts of international treaties in the state language was carried out, the revealed discrepancies are shown by concrete examples. Some terms and phrases attached scientific

justification. After discussion by members of the Republican Terminology Commission under the Government of the Republic of Kazakhstan, the approved versions of such words are presented.

The article also raises the issue of insufficient attention to the compilation of the thesaurus of words, sentences and phrases.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін шет мемлекеттермен тікелей құқықтық шарттар, келісімдер, хаттамалар мен келісімшарттар жасасуға кеңінен жол ашылды. Бұл маңызды халықаралық құжаттар әр сала бойынша құқықтық мәселелерді шешумен қатар, Қазақстанның шетелдермен арадағы ынтымақтастығын жандандырып, достық қатынасты нығайтуға оң әсерін тигізіп келеді. Мемлекеттің құқықтық саясаты негізінде құқық қорғау және сот жүйелерінің, құқық қорғау институттарының дамуы арқасында құқықтық салада екіжақты және көпжақты тиімді келісімдер мен шарттар жасасу жолға қойылды. Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері көптеген елдермен құқықтық келісімдер жасасып, халқымыз үшін аса қажетті заңдар ратификацияланды.

Қазақстанда демократиялық және құқықтық сұранысқа сәйкес келетін құқық қорғау жүйесі қалыптасты. Ол конституциялық талаптарға сай тиімді жұмыс істеуде. Осы жүйенің нәтижелерін саралай отырып, оның қызметін одан әрі дамыта беру де ерекше назарда тұр. Өйткені қылмысқа қарсы күресу, заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі мәселенің нәтижелері құқықтық актілердің уақтылы әрі сапалы орындалуына байланысты болады. Ал мұның өзі құқықтық салада шетелдермен жасалатын түрлі келісімдер мен шарттардың оңтайлы болуына оң әсер ететіні сөзсіз.

Бүгінде Қазақстан шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен төрт мыңға жуық халықаралық шарт жасасыпты. Олар негізінен саяси, әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық, қауіпсіздік және тағы басқа салалардағы халықаралық құқықтық ынтымақтастықты қамтиды. Бұл маңызды халықаралық құжаттар еліміздің ширек ғасыр ішінде әлемдік аренада өз орнын нақтылап, өзге елдермен терезесі тең жағдайда қарым-қатынасты жолға қойғанын айғақтайды. Әлемдік нарықтық экономикаға кірігу үшін заңдарымыздың халықаралық құқықтық актілермен дер кезінде сәйкестендірілуіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Оның оң нәтижелерін шетелдік сарапшылар да мойындап отыр.

2018 жылдың басында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы

Заңнама институты Лингвистика орталығының (бұдан әрі – Орталық) қызметкерлеріне Парламент ратификациялаған бірқатар шарттарға, келісімдерге, хаттамаларға, конвенцияларға, келісімшарттар мен меморандумдарға ғылыми сараптама жасау тапсырылған еді. Енді олар өздеріне тиесілі құжаттарды тұтастай қарап шығып, халықаралық терминдер мен сөз тіркестерін зерттеу нәтижелері бойынша сараптама жасайды, тоқсан сайын атқарған жұмысы туралы басшылыққа есеп беріп отырады. Сонымен қатар, жиі қолданылатын терминдер мен тұрақты тіркестер сұрыпталып, олардың Мемлекеттік терминологиялық комиссия мақұлдаған баламасы «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінің» (құрастырушысы – Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А.Айымбетов) [1] кезекті басылымына енгізіледі. Сөйтіп, ағымдағы жылдың соңында, тұтастай алғанда 222 халықаралық құжатқа толықтай сараптама жасалып, мамандардың талқысынан өтеді. Мұндай сараптамалық зерттеу халықаралық құжаттарда қолданылатын заң терминдері мен заңнама ұғымдарының тезаурусын бір ізге түсіру арқылы аудармадағы тентүпнұсқалықты қалыптастыруға оң ықпал ететіні сөзсіз. Яғни, «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн.» [2].

Халықаралық шарттар мен келісімдер, хаттамалар мен меморандумдар ағылшын тілінен орыс тіліне, содан кейін қазақ тіліне аударылатыны жасырын емес. Кейде бұл құжаттарды асығыс қабылдауға тура келеді. Ертеректе қабылданған осындай құжаттарға сараптама жасау барысында олардың аудармасында біршама кемшіліктердің орын алғаны анықталды. Сөз тіркестерін былай қойғанда, қалыптасқан терминдердің өзі сақталмайтын жағдайлар кездесіп қалады.

Мысалы, 2000 жылғы 22 ақпандағы Жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенцияда¹:

1) 6-бапта «претензия» сөзі «талап» деп

¹ 2000 жылғы 22 ақпандағы Жолаушылар мен жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенция. //«Әділет» АҚЖ.

алынған екен, оны орысшаға аударғанда «требование» болып шығады. Өткен жылы Орталық осы терминнің «кінәрат-талап» деген баламасын ұсынған еді. Бұл нұсқа орысша терминнің анықтамасымен сәйкес келіп тұрғандықтан, ол Терминкомның бекітуіне ұсынылып отыр;

2) 23-баптың бірінші абзацындағы «депозитарий» термині «кепілші» деп аударылыпты. Бұл – түбірімен қате балама. Латынша мағынасы «сақтаушы» дегенге келеді. Дегенмен де, көбінесе халықаралық нарықта қолданылып жүрген бұл терминді сол күйінде қалдырған дұрыс. Кейінгі жылдары қабылданған халықаралық құжаттардың бәрінде осылай алынып жүр.

Сондай-ақ, 2003 жылғы 21 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімде²:

1) 5-баптың 2-тармағындағы «эмиграция» термині «көшіп кету» деп алыныпты. Ал осы сөзге википедияда мынадай анықтама берілген: «эмиграция - экономикалық, саяси, жеке мән-жайларға байланысты бір елден басқа елге амалсыз немесе өз еркімен қоныс аудару». Кейбір халықаралық құжаттарда осы термин әртүрлі (кету, көшіп кету, қоныс аудару және т.б.) аударылып жүр. Бұл сөздің түбірі латыншадан алынғандықтан, оны аудармай сол күйінде қалдыру қажет деп есептейміз;

2) 6-баптың 3-тармағында және бүкіл мәтіні бойынша «маршрут» деген географиялық термин «бағыт» деп беріліпті. Ал енді оның анықтамасын оқып көрейік: «маршрут – бастапқы, соңғы және аралық нүктелері бар болған жағдайда объектінің географиялық бағдарларға немесе координаттарға қатысты қозғалу бағыты бойынша жүру жолы». Яғни бұл екі терминнің сипаты мен мағынасы әртүрлі. Сол себепті оған «бағыт» деген қазақша баламаны телуге болмайды, оның үстіне «бағыт» сөзін орысшаға кері аударсақ, «направление» болып шығады.

3) 9-баптың тақырыбында және мәтінінде «транзит» термині «транзиттеу» және «транзит жасау» деп екі түрлі алынған. Ал осы халықаралық термин латынша «өту» деген мағынаны білдіретіні, яғни атау тұлғадағы етістік екені ескерілмеген. Бұл сөзді тұйық етістікке айналдырмай-ақ, түпмәтінге қарай «транзит» немесе «транзиті» деп алған жөн.

Шет тілінен енген, күнделікті өмірде жиі қолданылатын терминдерді түпнұсқа мағынасында қалдырған дұрыс, себебі олардан қандай да бір жасанды баламасын қолдану арқылы сөзжасам жасау жаңсақтыққа әкеп

соғуы мүмкін. Сондықтан, шет тілінің транскрипциясымен берілген әрбір терминді білікті мамандардың қатысуымен жан-жақты саралап, талдағаннан кейін ғана қолданысқа енгізу қажет. Ал енді кейбір кірме сөздердің мағынасын дәл беретін сәтті баламалары табылып жатса, оларды жатсынбай қабылдап, тілімізді байыта түскен абзал. Ондай сәтіммен табылған сөздер, тіпті сөз тіркестері де баршылық (мысалы: «модернизация – жаңғырту», «модификация – түрлендіру», «критерий - өлшемшарт», «контекст - түпмәтін», «формальность - ресмиеттілік», «процедура - рәсім», «неустойка – айыпақы» және т.б.), олар қазір сөздік қорымызға кірігіп, кеңінен пайдаланылуда. Мәселен, ғылыми сараптама жасау барысында кейбір халықаралық құжаттардағы «аффилированное лицо» деген сөз тіркесі «аффилирленген тұлға» деп аударылғанын байқадық, ал дәл осы тіркесті Терминком «үлестес тұлға» деп бекіткені үнемі ескеріле бермейтіні өкінішті.

Заң жобалары негізінен орыс тілінде дайындалатынын жоғарыда айттық. Ал, өз кезегінде, олардың орысша мәтіндері батыс елдерінің үлгі заңдарына (әсіресе, ағылшын тіліндегі) негізделіп жазылады. Осы елдердің грамматикалық заңдылығында кейбір атау тұлғадағы зат есімдер сөйлемнің ортасында да, соңында да бас әріппен жазыла беретін ереже бар. Ал шет тілінен орыс тіліне аударылып, бас әріппен жазылған сөздер қазақ тілінде де сол күйінде берілетінін кез келген нормативтік шарттан немесе келісімнен байқауға болады. Мұндай жағдайда заң жобасының бастамашылары немесе аудармашылар қандай дереккөзге сүйенерін білмейді. Өйткені басшылыққа алынатын құжаттарда да (заң, шарт, келісім, келісімшарт, меморандум, хаттама) бірізділік жоқ. Мәселен, «шарт», «келісім», «екінші тарап», «уағдаласушы мемлекет», «негіздемелік келісім» және басқа да көптеген сөздер мен сөз тіркестері бір халықаралық құжатта бас әріппен алынса, екіншісінде кіші әріппен беріледі.

Бұл ретте 2013 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шығарған «Қазақша-орысша-ағылшынша дипломатиялық сөздікті» (құрастырушы – Б.М.Жәмкенов) [3] атап өткен жөн. Осы сөздіктің соңындағы 1 және 2-қосымшаларда шет мемлекеттердің, олардың атауларының, ірі қалаларының, ақша бірліктері мен ұлттық мерекелерінің, сондай-ақ негізгі халықаралық, өңірлік және үкіметтік емес ұйымдардың қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде бас әріппен жазылған тізімі берілген. Бұл - аудар-

² 2003 жылғы 21 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім. //«Әділет» АҚЖ.

машы-мамандарға аса қажетті көмекші құрал. Ал аталмыш сөздік дипломатиялық салаға арналғандықтан, сол саланың ғана терминдерін қамтыған. Басқа министрліктер мен ведомстволар да осындай игі істі қолға алады деп үміттенеміз.

Бұл орайда, әлі күнге дейін іске аспай келе жатқан тағы бір өзекті проблема бар. Ол - заңнамада, халықаралық құжаттарда жиі қолданылатын терминдерді, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін жан-жақты зерделеп, тұрақтандыру үшін тезаурусты қалыптастыру мәселесі. Тұрақты тезаурусты қалыптастыру бағытындағы сөздіктер бүгінгі таңда өте қажет-ақ. Оларда қамтылған ұғымдар барынша стандартталған әрі нысандық және ұғымдық жағынан өзгеріске ұшырамай, қалыптасқан шаблон сияқты қайталанып келіп отырады. Мұның өзі заңдардың аудармасында жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанда бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді. Басқа да көптеген саланың мамандары осындай сөздіктер жасаса, солардың басын біріктіріп, бір ортақ сөздік шығарса, бұл аудармашылар үшін өте қолайлы әрі пайдалы құрал болар еді. Заңгер-журналист әрі тәжірибелі аудармашы Д.Омашұлының «Заңнама ұғымдарының тезаурусы» [4] атты кітабы осы салада мемлекеттік тілде жарық көрген тұңғыш еңбек. Бірақ оның таралымы аз және бір кітапта барлық тұрақты нормаларды қамту мүмкін емес. Сондықтан, келешекте осындай пайдалы бастамаларды әрі қарай дамытып, жалғастыра беру қажет деп есептейміз. Осы мәселелер төңірегінде «Ана тілі» ұлттық газетіне сараптамалық мақала да жарияланды [5].

Жалпы заң терминдерін, оның ішінде халықаралық терминдерді орнықтыру мәселесін мемлекеттік деңгейде шешу қажет. Термин мәселесімен тұрақты түрде айналысатын мемлекеттік ресми орталық құру, яғни Республикалық терминологиялық комиссияны тікелей Үкімет Кеңсесіне қарайтын дербес республикалық мекеме ретінде қайта құру қажеттігі туралы әртүрлі деңгейде жиі айтылып жүр. Бұл мекеме осы саладағы ғылыми институттардың әлеуетін, заңгер ғалымдардың, дипломаттардың, тіл мамандары мен лингвистердің, тәжірибелі аудармашылардың нақты, білікті көмегін пайдалана алар еді. Оның мақұлдауға, бекітуге ұсынатын терминдері бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшіліктің немесе арнайы сала мамандарының талқылауынан жүйелі түрде өткізілуі тиіс. Ал, қазіргі жағдайда бұл комиссия Мәдениет және спорт министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Тіл комитетінің құрамында болғандықтан, өзінің негізгі міндетін Министрліктің ағымдағы мәселелерінің арасында тиісінше атқаруға мұршасы бола бермейді. Сондықтан оның мәртебесі жоғары, міндеті де ауқымды болуға

тиіс. Осы комиссияның өкілеттігі кеңейтілген жағдайда оған: түрлі сөздіктерді басып шығаруға рұқсат беру, БАҚ-та, білім беру саласында, түрлі ұйымдар мен ведомстволардың, кәсіпорындардың кеңсе қызметінде терминдердің қолданылуын бақылау, шет тілдегі сөздерді енгізу және шетел сөздерін қазақ тілінің түбірлес сөздерімен ауыстыру процестерін шектеу бойынша біріздендірілген нормалар мен әдістемені енгізу, «жаңа терминдер» бюллетенін, терминологиялық мәселелер бойынша журнал шығару, терминологиялық мониторинг жүргізу, виртуалдық кеңістікте пайда болған жаңа терминдерге бақылау жасау, жеке өз web-порталын ашу сияқты міндеттерді жүктеуге болады деп есептейміз.

Жоғарыда аталған комиссия терминдерді біріздендіру және теңтүпнұсқалы қолдану мақсатында мемлекеттік органдардың маңызды халықаралық құжаттарына (шарт, келісім, келісімшарт) мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысын үйлестіріп, оған ресми түрде бақылау жасап отыруға тиіс.

Қоғам өмірінің барлық саласын қамтитын терминология жүйені жетілдіру жоғары деңгейде шешілетін мәселе болғандықтан, бұл мекеме тікелей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылатын, ғылыми-лингвистиканың практикалық қолданбалы зерттеу мәселелерімен айналысатын мекеме ретінде қарастырылуға тиіс. Сонда ол тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерін, оның ішінде аударма тіліне қатысты проблемаларды ғылыми-лингвистикалық және терминологиялық тұрғыдан қамтамасыз ететін болады.

Министрліктің Тіл комитеті атқарушы биліктің тілдерді дамыту мен қолдану жөніндегі өзге де маңызды міндеттерін, оның ішінде Мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының жұмысын жүйелі түрде жолға қоюды осы Орталық атқаратын жұмыстың нәтижелерін негізге ала отырып іске асырса, анағұрлым тиімді болар еді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы (31 қаңтар, 2017 жыл) «Төртінші басымдық - адами капитал сапасын жақсарту» деген бөлімінде мемлекеттік тілдің болашағына зор көңіл бөліп: «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді.» - деген еді [6]. Осыған орай, бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің халықаралық аренаға көтеріліп, тұрақты дамуы үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалуда. Осы бағытта күрделі іс-шаралар қолға алынып, тиісінше тиянақты түрде жүзеге асырылып та келеді. Өз кезегінде, халықаралық құжаттар аудармасының сапасы да жақсара түседі деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі (құраст. Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов). – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015. – 480 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [http //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
3. «Қазақша-орысша-ағылшынша дипломатиялық сөздік» / құраст. Б.М. Жәмкенов). - Астана, 2013. - 527 б.
4. Омашұлы Д. Заңнама ұғымдарының тезаурусы. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2013. – 150 б.
5. Шолан Б.А. Заң терминдерін аударуда бірізділік қажет / «Ана тілі» газеті, 2017 ж., №52(1414).
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы // [http //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

REFERENCES

1. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі (құраст. Заңнама институтының жетекші ғылыми қызметкері М.А. Айымбетов). – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015. – 480 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [http //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
3. «Қазақша-орысша-ағылшынша дипломатиялық сөздік» / құраст. Б.М. Жәмкенов). - Астана, 2013. - 527 б.
4. Омашұлы Д. Заңнама ұғымдарының тезаурусы. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2013. – 150 б.
5. Шолан Б.А. Заң терминдерін аударуда бірізділік қажет / «Ана тілі» газеті, 2017 ж., №52(1414).
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы // [http //www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

ӘОЖ 81:001.8

ҒЫЛЫМИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Нүргүл Айтмұханқызы Байкәрімова

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының аударма секторының жетекші ғылыми қызметкері; Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: n.baikarimova@adilet.gov.kz

Дүйсенкүл Мұхамбетжанқызы Шыңғысбаева

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының аударма секторының аға ғылыми қызметкері; Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: d.shyngysbaeva@adilet.gov.kz

Түйін сөздер: ғылыми-лингвистикалық сараптама; екі тілдегі мәтіндердің теңтүп-нұсқалылығы; терминология, семантика; филология; ведомстволық бағыныстылық; этимология; мағыналық зерттеу; құқық туралы дау; құзырет.

Аннотация. Бүгінгі күнде, өкінішке орай, нормашығармашылықтағы ғылыми лингвистикалық сараптама сияқты сараптаматанудың ерекше түрін өткізу туралы толық ақпараттық көздер жоқ.

Осы мақалада ғылыми лингвистикалық сараптама ұғымының өзі шартты сипатқа ие және түр ретінде қаралады. Осы тақырыптағы мәселелер аясын зерттеу қажеттігі күн сайын өзекті болуда. Сараптама ұғымының өзі, лингвистикадан бөлек қарасақ, бұл ғылымдағы, кәсіптегі және өнердегі арнайы білімді пайдалана отырып, қандай да бір мәселені толық зерттеу кешені, оның мақсаты дәлелді қорытынды шығара отырып, фактілер мен мән-жайларды анықтау болып табылады. Алайда, лингвистикалық сараптама объектісі түріндегі ерекше мән-жайды назарға ала отырып, мұндай ұғымды келтіру барлық ерекше кезеңдер мен рәсімдерді, ғылыми лингвистикалық сараптама өткізуге тікелей немесе жанама түрде қатысатын адамдардың субъектілік аясын көрсету үшін жеткіліксіз болып есептеледі.

Авторлар Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі жобасын Азаматтық-процестік кодекспен салыстыра отырып, оның шағын үзіндісіне ғылыми-лингвистикалық сараптама жүргізуді мысалға келтіріп және «подведомственность» деген сөздің аудармасын қолдану үшін дәлелдер келтіріп, Заңнама институты Лингвистика орталығының нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық шарттар жобаларына сараптама өткізуінің барысын талдай отырып, ғылыми-лингвистикалық сараптаманы өткізу барысындағы көп кездесетін кемшіліктерді ерекшелен көрсетеді.

Авторлардың пікірінше, мағыналық зерттеу кезінде бір ерекше жайт маңызды болып табылады – энциклопедиялық басылымдарда берілетін сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын нақты жағдайдан бөлек қараған дұрыс емес. Сондықтан заң жобасының мәтінінде сипатталған оқиғалар мен мән-жайларды сарапшылардың толық біліп түсінуі тиіс. Оған қоса, Лингвистика орталығының сарапшылары сараптама құқықтық салада жүргізілетінін ұмытпауы тиіс екені маңызды, ал бұл ерекше назар аударуды – заң техникасын сақтауды талап етеді.

Сонымен қатар Лингвистика орталығы әзірлейтін терминологиялық сөздік одан әрі нақты және мұқият сөздер таңдауды қажет ететіні мақалада атап көрсетілген.

Бекітілген, жалпылама сипаттағы Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 Қаулысы), Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысы) қатар заңдар жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу жөніндегі бекітілген әдістемелік ұсынымдар жоқ екенін айтады.

Өз мақаласын қорытындылай келе, авторлар ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу кезіндегі кемшіліктерді болдырмау мақсатында заңдар жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу тетігін әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметі деңгейінде бекіту қажеттігі жөніндегі ойын білдіреді.

О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ НАУЧНОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ

Байкаримова Нургуль Айтмухановна

Ведущий научный сотрудник сектора перевода Центра лингвистики
Института законодательства РК, г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: n.baikarimova@adilet.gov.kz

Шынгысбаева Дуйсенгуль Мухамбетжановна

Старший научный сотрудник сектора перевода Центра лингвистики
Института законодательства РК, г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: d.shyngysbaeva@adilet.gov.kz

Ключевые слова: научно-лингвистическая экспертиза; аутентичность текстов на двух языках; терминология; семантика; филология; подведомственность; этимология; смысловое исследование; спор о праве; компетенция.

Аннотация. На сегодняшний день, к сожалению, нет полных информационных источников о сути проведения такой специфической части экспертологии, как научно-лингвистическая экспертиза в нормотворчестве.

В данной статье само понятие научно-лингвистической экспертизы носит условный характер и рассматривается как вид. Необходимость исследования круга вопросов данной тематики становится актуальней день ото дня. Само понятие экспертизы, если говорить отвлеченно от лингвистики, — это комплекс детальных исследований какого-либо вопроса с использованием специальных познаний в науке, промысле, ремесле и искусстве, целью которого является установление фактов и обстоятельств с вынесением мотивированного заключения. Однако, принимая во внимание особое обстоятельство, выраженное в объекте лингвистической экспертизы, приведение такого понятия считается недостаточным для отражения всех специфичных моментов и процедур, а также субъектного круга лиц, непосредственно или косвенно участвующих в проведении правовой лингвистической экспертизы.

Анализируя процесс экспертирования проектов НПА и международных договоров Центром лингвистики Института законодательства, авторы выделяют самые часто встречаемые недоработки в процессе проведения научно-лингвистической экспертизы, приводя в пример проведение научно-лингвистической экспертизы небольшого отрывка из проекта Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан, сравнивая его с Гражданско-процессуальным кодексом и приводя доводы для применения перевода слова «подведомственность»..

По мнению авторов, при смысловом исследовании очень важен один нюанс — значения слов и выражений, которые даются в энциклопедических изданиях, недопустимо рассматривать обособленно от реальной ситуации. Поэтому эксперту нужно быть полностью в курсе событий и обстановки, описанных в тексте законопроекта. И что немаловажно, эксперт Центра лингвистики должен помнить, что экспертиза проводится в правовой сфере, а это тоже требует особого подхода – соблюдения юридической техники.

Также в статье отмечается, что терминологический словарь законодательства, который разрабатывается Центром лингвистики, требует более четкого и выборочного подбора слов.

Авторы сетуют, что наряду с утвержденными Правилами проведения научной экспертизы по международным договорам, участницей которых намеревается стать Республика Казахстан, а также по проектам международных договоров (Постановление Правительства РК 14 сентября 2010 года № 938), Правилами проведения научной экспертизы проектов нормативных правовых актов (Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 августа 2016 года № 497), которые носят обобщенный характер, отсутствуют утвержденные Методические рекомендации по проведению научной лингвистической экспертизы в части аутентичности текстов проектов законов на казахском и русском языках.

Резюмируя свою статью, авторы размышляют о необходимости разработки и утверждения механизма проведения научной лингвистической экспертизы в части аутентичности текстов проектов законов на казахском и русском языках на уровне Правительства Республики Казахстан в целях устранения предпосылок возникновения недоработок во время проведения научно-лингвистической экспертизы.

ABOUT BACKGROUND OF OCCURRENCE OF ERRORS IN THE TIME OF THE SCIENTIFIC-LINGUISTIC EXPERT EXAMINATION

Baikarimova Nurgul

*Leading Researcher of the Translation Sector of the Center for Linguistics
Institute of Legislation of RK, Astana, Republic of Kazakhstan;
e-mail: n.baikarimova@adilet.gov.kz*

Shyngysbayeva Duissengul

*Senior Researcher of the Translation Sector of the Center for Linguistics
Institute of Legislation of RK, Astana, Republic of Kazakhstan;
e-mail: d.shyngysbaeva@adilet.gov.kz*

Keywords: scientific-linguistic expert examination; authenticity of texts in two languages; terminology; semantics; philology; jurisdiction; etymology; semantic research; issue on law; competence.

Abstract. Unfortunately, there are no complete information sources about the nature of such a

specific part of expert science as scientific and linguistic expertise in rule-making.

In this article, the concept of scientific and linguistic expertise is conditional and is considered as a type. The need to study the range of issues on this subject becomes more relevant day by day. The concept of expertise, in the meaning abstractly from linguistics, is a complex of detailed studies of any issue using special knowledge in science, industry, craft and art, the purpose of which is to establish facts and circumstances with a reasoned conclusion. Nevertheless, given the characteristics of the linguistic expertise, bringing such term is considered insufficient to all specific points and procedures, as well as the subject circle of people directly or indirectly involved in the conduct of linguistic expertise.

The authors on the basis of expert examination of drafts of legal acts and international treaties by the Center of Linguistics of the Institute of Legislation highlights most often encountered deficiencies in the process of scientific and linguistic expertise. The authors cite the example the piece of their scientific and linguistic examination of the Draft Code of Administrative Procedures of the Republic of Kazakhstan and the Code of Civil Procedure. Analyzing the two texts in Kazakh and Russian the authors give their arguments concerning the usage of the word «подведомственность» (jurisdiction) in both language versions.

In the opinion of the authors, in the semantic study, one nuance is very important - the meanings of words and expressions that are given in encyclopedic publications should not be considered separately from the real situation. Therefore, the expert should be fully aware of the events and the situation described in the text of the Draft Law. It is important that the expert of the Linguistics Center should bear in mind that the examination is conducted in the legal sphere, and this also requires a special approach, i.e. it demands compliance with legal techniques.

In addition, it is noted that the Center for Linguistics should make careful choice of words in the Glossary of legislation terms.

The authors complain that, along with the approved Rules for conducting scientific expertise on international treaties, the Republic of Kazakhstan intends to become a party to, as well as on draft international treaties (Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated September 14, 2010 No. 938), the Rules for conducting scientific expertise on draft regulations Government of the Republic of Kazakhstan dated August 31, 2016 No. 497), which are of a generalized nature, there are no approved Methodological recommendations for conducting scientific linguistic expertise in terms of the authenticity of the texts of draft laws in the Kazakh and Russian languages.

Summarizing the article, the authors reflecting on the need to develop and approve a mechanism for conducting scientific linguistic expertise regarding the authenticity of texts of draft laws in the Kazakh and Russian languages at the level of the Government of the Republic of Kazakhstan in order to eliminate the prerequisites for the occurrence of flaws during scientific linguistic expertise.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауындағы «Адам капитал – жаңғыру негізі» атты жетінші бөлімінде «Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Орыс тілді мектептер үшін қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі әзірленіп, енгізілуде. Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет» [1] деп атап өтілген. Елбасының бұл дәйексөзін лингвистер қоғамдастығы толықтай мақұлдайды.

Жолдаудың жетінші басымдығында берілген мәселелер ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының қызметімен тікелей ұштасады, себебі орыс және қазақ тілдеріндегі заңдар мен халықаралық шарттар жобаларын сапалы ресімдеу, мәтіндердің теңтүпнұсқалылығын сапалы тексеру, НҚА, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар жобаларына сапалы түрде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекеменің қызметі Жарғысының басты нысандары мен мақсаттарының бірі болып табылады.

Сараптама жүргізу барысында Лингвистика орталығы анық көрінетін, қарапайым қателерді жоюмен көп жұмыс жасайды, сонда іс жүзінде көп уақыт құжат сараптамасына емес, грамматикалық және редакциялық сипаттағы кемшіліктерді анықтауға жұмсалады, тиісінше бұл заң жобасының сапасына теріс әсерін тигізеді. Нәтижесінде құжат теңтүпнұсқалылық тұрғысынан лингвистикалық сараптама жүргізу рәсіміне бірнеше мәрте келіп түседі.

Құжат лингвистикалық сараптамаға келіп түскен кезде норманың негізгі мақсатының құқық жағынан мағыналық жүктемесі, сол сияқты әрбір семантикалық бірліктің лексемасы филология тұрғысынан талап етілетін талапқа сәйкес болуына тексеріледі. Сонымен бірге орыс тілінің де, қазақ тілінің де сөздік қорының алуан түрлі әрі бай екенін атап өткен жөн, бұл да мәтін аудармасының тәсілдеріне ықпал етеді.

Ұсынылып отырған мәтіндерге сараптама жүргізу барысында сол не өзге құқықтық ұғымды, әрекетті немесе құбылысты белгілеу бойынша түрлі көзқарастар болуы мүмкін.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жобасына сараптама жүргізу кезінде «подведомственность» деген сөз аудармасының теңтүпнұсқалылығы бойынша сұрақтар туындады (қазақ тіліндегі «ведомстволық бағыныстылық» не «ведомстволық»). Қолданыстағы орыс тіліндегі Азаматтық-процестік кодексте «Подведомственность и подсудность» деген тарау бар, мұнда өз кезегінде, жоғарыда көрсетілген сөз қазақ тіліне «ведомстволық» деп аударылған.

Егер ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу қағидаттарына сүйенсек, онда біз оның негізінде семантика жатыр деген қорытындыға келеміз, семантика – бұл сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы мен мазмұнын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Лингвистикалық сараптама жүргізу кезіндегі мағыналық зерттеу:

- мәтіндегі ойды анықтап, талдау;
- мәтіндегі ұғымдардың көлемі мен мазмұнын анықтау;

- зерттелетін мәтін мазмұнының барабарлығы дәрежесін анықтау үшін жүргізіледі.

Мағыналық зерттеу кезінде бір ерекше жайт маңызды болып табылады – энциклопедиялық басылымдарда берілетін сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын іс жүзіндегі жағдайдан бөлек қараған дұрыс емес. Сондықтан мәтінде сипатталған оқиғалар мен мән-жайларды сарапшының толық біліп түсінуі тиіс.

Сонымен қатар осы нақты жағдайда «подведомственность» деген сөздің аудармасы («ведомстволық» немесе «ведомстволық бағыныстылық») дау туғызбауы үшін біз осы сөздің этимологиясы мен семантикасына тереңірек үңілуіміз керек.

Сонымен, орыс тіліндегі «подведомственность» деген сөздің этимологиясы мемлекеттік басқарудың қандай да бір саласына қызмет көрсететін мекемені немесе мекемелер жиынтығын білдіретін «ведомство» деген ұғымды білдіреді.

Орыс тіліндегі «подведомственность» деген сөздің ұғымы мен мазмұны

«Подведомственность» – бұл құқық туралы дауды немесе өзге заңды істі белгілі бір органның құзыретіне жатқызу. Әрбір орган өзіне тиесілі мәселелерді ғана қарай алады.

Оның түрлері:

- айрықша;
- көптік.

Айрықша – істі тек тікелей сот қана қарайды және мәні бойынша оны басқа органдардың шешуі мүмкін емес. Соттың дауды шешуі үшін қандай да бір өзге органдарға жүгінудің міндетті сотқа дейінгі тәртібі қажет емес. Көркем туындыға авторлықты тану туралы, жұмыста қалпына келтіру туралы, пәтерді азаматтар меншігіне беру шартын жарамсыз деп тану туралы және т.б. даулар айрықша ведомстволыққа жатады.

Көптік – заң мәселесі жалпы юрисдикциядағы сотта немесе аралық сотта, еңбек даулары жөніндегі комиссияда және сотта шешілуі мүмкін екенін білдіреді. Кейбір жағдайларда заңда заң мәселесін шешу үшін жүгіне алатын органды таңдау құқығын арыз берушіге беріледі не тараптарға органды таңдау туралы мәселені өздеріне шешуді ұсынады не заң мәселелерін шешетін түрлі органдарға жүгінудің кезектілігін қатаң түрде айқындайды.

Көптік түрлері:

баламалы – құқықтық сипаттағы дауды заң бойынша сот қана емес, сонымен қатар басқа орган шешуі мүмкін (әкімшілік, нотариаттық тәртіппен, аралық сот). Құқық қорғаудың сол немесе өзге нысанына жүгіну талап қоюшының, арыз берушінің, басқа мүдделі тұлғаның қарауына байланысты немесе жеке құжатта, сондай-ақ азаматтық-құқықтық шарттың (келісімшарттың) мәтінінде көрсетілген тараптардың келісімімен айқындалады;

уағдаластық – тараптардың келісімімен айқындалады. Мысалы, азаматтардың мәмілені жасау кезінде осы шарттан туындайтын барлық даулар нақты аралық сотта шешілетінін жазып алуына құқығы бар. Бұл туралы мәмілеге қатысушылар жеке аралық жазба жасауы мүмкін.

шартты – даулардың белгілі бір санаты немесе өзге құқықтық мәселелер үшін оларды қараудың алдын ала соттан тыс тәртібін сақтау олардың сот ведомстволығында болуының қажетті шарты болатынын, яғни соттың талқылауына дейін істі басқа орган қарауы мүмкін екенін білдіреді;

императивтік – юрисдикциялық органдар бойынша істің қатаң рет-ретімен өтуін заң белгілейтінін білдіреді. Істердің ведомстволығы талап қою талаптарының байланысы бойынша айқындалады. Кейбіреулері – сотқа, басқалары төрелік сотқа ведомстволық бағыныста болатын бір-бірімен өзара байланысты бірнеше талапты біріктірген кезде барлық талаптар, егер оларды бөлу мүмкін болмаса, жалпы юрисдикциядағы сотта қаралуға жатады¹.

Осылайша, «подведомственность» деген сөздің семантикасы мен этимологиясын зерт-

¹ «Подведомственность и подсудность - понятия и содержание», JURKOM74 сайты // <https://jurkom74.ru/ucheba/podvedomstvennost-i-podsudnost-ponyatiya-i-soderzhanie>

теп, бір жағынан, ол құқық туралы даудың жатқызылуын, екінші жағынан, белгілі бір органның құзыретіне заңды тұлғаның жатқызылуын білдіреді деген қорытындыға келдік.

Екі түрлі жағдайда «подведомственность» деген сөз қазақ тіліне әртүрлі аударылады:

1) Құқық туралы дау жатқызылған жағдайда ол «ведомствольғы» деп алынады (подведомственность административных процедур – әкімшілік рәсімдердің ведомствольғы);

2) Белгілі бір орган жатқызылған жағдайда «ведомствольк бағыныстылық» деп аударылады (мысалы, «подведомственные организации» – «ведомствольк бағыныстағы ұйымдар»)

Жоғарыда айтылған барлық аспектілер келісу кезінде бір сараптамалық ұйымның тұрғысынан басқа мемлекеттік органда даулануы мүмкін ұсыныстар берілетініне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде заң жобасын әзірлеуші ұсынылған редакцияны түзету бойынша уақыт тапшылығына кез болады. Кейде ғылыми лингвистикалық сараптаманың сарапшылары әрекеттің немесе құбылыстың басты мағынасын көрсететін дұрыс терминді таңдаған кезде оны қолданудағы бірізділіктің болмауына тап болады. Өзіміз әзірлеп жатқан заңнаманың терминологиялық сөздігі сөздерді барынша нақты және іріктеп таңдауды қажет етеді.

Қолданысы ескірген құқықтық табиғаттағы терминдер сол не өзге әрекетті толықтай аша алмайтыны да болады, ал басқа тілден алынған сөздер қажетті негіздерсіз мемлекеттік тілге аударылады.

Біздің көзқарасымызша, нормашығармашылық процесінде ғана емес, сол сияқты ғылыми лингвистикалық сараптаманы өткізу кезінде де олардың кейіннен қолданылуын қиындатады.

Ғылыми лингвистикалық сараптаманы өткізу әдістерін зерттеу процесінде біз лингвистикалық сараптама шеңберінде көзделетін заңдар жобаларының теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2011 жылғы 8 тамыздағы 250-отырысында мақұлданған Қазақ орыс тілдеріндегі заңдар жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды

анықтадық². Алайда, бұл ұсынымдар жалпыға қолжетімді емес екені таңғалдырады (интернетте тек демо-нұсқада).

Қолданыста қазіргі кезде тек Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 Қаулысы), Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысы) бар. Бірақ олар құқықтық, лингвистикалық, экологиялық, қаржылық және т.б. сараптамаларға жататын жалпы қағидалар және олар көбінесе хаттамалық сипатқа ие.

Ғылыми лингвистикалық сараптама нормативтік-құқықтық актілер мен халықаралық шарттар жобаларының теңтүпнұсқалылығын бағалауды көздейді, ол әдеби тіл нормалары мен заң техникасының сақталуын талдауды білдіреді және жобаларды даярлау кезінде әзірлеушілер бұл нормаларды міндетті түрде есепке алуға тиіс.

Жобалар мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын ғылыми-лингвистикалық талдауды жүргізу бұл тек жай орыс тілінен қазақ тіліне аудармасын салыстыру ғана емес, бұл алдымен бастапқы мәтінді, кейін екі мәтіннің теңтүпнұсқалылығын кешенді түрде зерттеу-білу.

Іс жүзінде, бұл сөзтанымдық зерттеудің бір түрі. Зерттеудің объектісі, ең алдымен мәтін болып табылады, мақсаты – нормативтік құқықтық акт мәтінінде мағынасы дұрыс берілген бе және пайдаланушылар үшін ол түсінікті болады ма екенін анықтау қажеттігі³.

Ағымдағы жылғы қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Лингвистика орталығы ұйымдастырған «Мемлекеттік тілде әзірленетін заң жобалары мен халықаралық шарт жобаларының сапасы және ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мәселелері бойынша» тақырыбындағы практикалық семинарда бұл проблема қозғалған еді. Бас прокуратураның өкілі орыс тіліндегі заң жобасына сараптаманы қазақ тіліндегісімен қатар жүргізу орынды болатыны туралы мәселені көтерді. Себебі мемлекеттік органдарда штат бойынша, біріншіден, лингвист-сарапшылар көзделмеген, ал екін-

² «Методические рекомендации по проведению научной лингвистической экспертизы в части аутентичности текстов проектов законов на казахском и русском языках», «Параграф» сайты // http://online.zakon.kz/Document/?????doc_id=31064235#pos=0;0

³ «Лингвистическая экспертиза — как провести судебную лингвистическую экспертизу за 5 шагов + обзор ТОП-3 компаний по проведению судебной лингвистической экспертизы», ХитерБобер.ru сайты // <http://hiterbober.ru/legal-assistance/chto-takoe-lingvisticheskaya-ekspertiza.html>

шіден заң жобасын әзірлеушінің өзі жасаған мәтінін басқа тұрғыдан көру киын, бұл жерде әдеби туындымен сияқты, жазушы жаңылысуы мүмкін – өз қателерін көре бермейді, тәжірибелі редактордың көмегі керек. Ал заңдар тек кәсіби заңгерлерге ғана емес, барлық азаматтар үшін түсінікті әрі қолжетімді болуға тиіс.

Сол себепті заңнамалық актілер жобаларын ресімдеудің бірізділігін сақтаған және олардың тілі мен мәнерін жетілдірген маңызды. Тұжырымдар мен пайдаланылатын тіл оларды түсінуге ғана емес, НҚА тиімді пайдаланудың жолы болып табылады.

Лингвистика орталығының сарапшылары Жарғыға сәйкес орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығын ғана тексереді.

Мәтіндер теңтүпнұсқалылығын тексе-

ру барысында сарапшылар лингвистикалық сараптаманың міндеттері туралы ұмытпауы қажет, олар мысалы: сөздер мен сөйлемдерді; құжат мәтінін түсінудің мүмкін жолдарын анықтап, оның ережелерін; мағынасын анықтау үшін кез келген мәтінді; басқа терминдермен ұқсастығын не айырмашылығын анықтау үшін түрлі терминдерді және т.б. түсіндіру және мағынасын ашу.

Жан-жақты тілдік талдау туралы, әрине, ұмытпаған жөн (морфологиялық, стилистикалық, лексикалық және т.с.с.).

Жоғарыда жазылғанның негізінде ғылыми лингвистикалық сараптаманы өткізу кезінде кемшіліктердің болуына жол бермейтін дұрыс тегікті ойластырған және жоғарыда көрсетілген проблемаларды әзірлеушілердің есепке алуы үшін міндетті түрде көрсеткен маңызды деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018/> 27.09.2018 ж. жағдай бойынша.

REFERENCES

1. State of the Nation Address by the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev, January 10, 2018 New opportunities under the fourth industrial revolution // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1800002018/> as at 27 september 2018.

УДК 340.113

ТЕРМИНДЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Айгүл Көбейсінқызы Махамбетова

Қазақстан Республикасының Заңнама институты Лингвистика орталығы НҚА және халықаралық шарттар жобаларының ғылыми лингвистикалық сараптамасы секторының ғылыми қызметкері, құқық магистрі; Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: tak271079@mail.ru

Қымбат Әбілқайырқызы Айнабаева

Қазақстан Республикасының Заңнама институты Лингвистика орталығы НҚА және халықаралық шарттар жобаларының ғылыми лингвистикалық сараптамасы секторының кіші ғылыми қызметкері; Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: ajnabaevak@mail.ru

Түйін сөздер: аударма; кірме сөздер; терминология; терминдер; заңнама; Кодекс.

Аннотация. Тіл білімінің қай саласын алсақ та, терминология мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Арнаулы ұғымдардың атаулары мен терминдері, ұғымдар жүйесі арнайы зерттеуді қажет етеді. Тілдің лексикалық ерекшеліктерін айқындаған кезде, терминологиялық жүйе шеңберіндегі ұғымдар жүйесі мен оның сипаты тілдік нормаларға талдау керектігін көрсетті.

Қазақ терминологиясындағы халықаралық терминдердің қалыптасуы, шығу тарихы және оның түрлері ғылыми ұғымдарды білдіру болып табылады. Мақалада кірме сөз-

дерді қолданғанда немесе оларды қазақ тіліне аударғанда этимологиялық түпнегізі, семантикалық мазмұны, грамматикалық құрылымы бойынша, сондай-ақ басқа тілдердегі баламаларына қатысты мәселелер зерттелді әрі талданды.

Халықаралық құжаттарда қолданылатын заң терминдерінің қалыптасуындағы аударманың маңызы зор. Заң лингвистикасына, заң терминдерінің мемлекеттік тілде дұрыс қолданылуына, лексикалық нормасының құқықтық нормамен өзара үйлесуіне қатысты жан-жақты ақпараттар берілді. Заңның құқықтық мазмұнының түсінікті әрі нақты болуы терминдердің мемлекеттік тіліміздегі дұрыс аудармасымен де, заңнама лингвистикасының терминологиялық сипатымен де өзара байланысты.

Жаңа терминдерді енгізу процесі қазақ тілі терминологиясының және тілдік мәдениет нормаларының, яғни қолданыс заңдылықтарының одан әрі дамуын әрі жаңғыруын қажет етеді. Тілдік нормалардың қалыптасуы мен тұрақталуы туралы мәліметтер, сондай-ақ қаралып отырған мәселе аясында басқа да проблемалар сараланды.

Елімізде терминологияны одан әрі жетілдіру мен белгілі бір жүйеге келтіру үшін көңіл бөлінуде әрі нақты қадамдар жасала түсуде. Қазіргі уақытта терминология жандана түсуде әрі арнаулы салалар да өзіндік жаңа атауларына ие болуда.

Терминологиядағы бірізділік негізі заң терминдерінің мемлекеттік тілде дұрыс түзілуінен, яғни оның лексикалық нормасының құқықтық нормамен өзара үйлесуінен басталуы тиіс. Терминологияның өзіндік дамуы мен қалыптасуы бар. Оны қоғам өмірінде болып жатқан саяси – экономикалық, рухани – мәдени, тарихи - әлеуметтік өзгерістермен байланысы бар десек қате айтпаған болар едік. Қазақ терминологиясының даму тарихы мәселесіне тоқталған ғалымдардың пікірлері де назардан тыс қалмады.

УНИФИКАЦИЯ ТЕРМИНОВ – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ

Махамбетова Айгуль Кобейсиновна

Научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства Республики Казахстан, магистр права; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: mak271079@mail.ru

Айнабаева Кымбат Абилхайровна

Младший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства Республики Казахстан; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: ajnabaevak@mail.ru

Ключевые слова: перевод; заимствованные слова; терминология; термины; законодательство; Кодекс.

Аннотация. Для любой отрасли языкознания вопрос терминологии является одним из актуальных. Наименования специальных понятий и терминов, система понятий требуют специального исследования. При выявлении лексических особенностей языка система и характеристика понятий в рамках терминологии указывают, что требуется анализ языковых норм.

Формирование международных терминов в казахской терминологии, история происхождения и его виды проявляются в отражениях научных понятий. В статье при применении заимствованных слов или переводе на казахский язык исследованы и проанализированы вопросы по этимологической основе, семантическому содержанию, грамматической структуре терминов, а также касательно альтернатив в других языках.

На сегодняшний день роль перевода в формировании юридических терминов, применяемых в международных документах, является актуальным вопросом. Предоставлена всесторонняя информация относительно юридической лингвистики, правильного применения юридических терминов в государственном языке, взаимосочетания лексической нормы с правовой. Ясность и конкретность правового содержания закона взаимосвязаны и с правильным переводом терминов на государственный язык, и с терминологической спецификой юридической лингвистики.

Процесс внедрения новых терминов требует дальнейшего развития и модернизации терминологии казахского языка и норм культуры речи, следовательно, правомерности применения. Проанализированы сведения о формировании и стабилизации языковых норм, также другие вопросы в рамках рассматриваемой проблемы.

В стране уделяется внимание и предпринимаются конкретные шаги для дальнейшего совершенствования и систематизации терминологии. На сегодняшний день терминология расширяется, и специальные отрасли дополняются собственными новыми наименованиями.

Основа унификации в терминологии должна начинаться с правильного формирования юридических терминов в государственном языке, взаимосочетания лексической нормы с правовой. Развитие и становление терминологии своеобразно. Мы не ошибемся, если скажем, что это связано с происходящими политико-экономическими, духовно-культурными, историко-социальными изменениями в общественной жизни. Не остались без внимания и мнения ученых, исследовавших вопросы истории развития казахской терминологии.

UNIFICATION OF TERMS - THE REQUIREMENT OF TIME

Makhambetova Aigul Kobeysinovna

Researcher of the sector of scientific and linguistic expertise of normative legal act and international treaties of the Center for Linguistics of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, Master of Law; Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: mak271079@mail.ru

Shyngysbayeva Duissengul

Junior Researcher of the sector of scientific and linguistic expertise of normative legal act and international treaties of the Center for Linguistics of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan; Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: ajnabaevak@mail.ru

Keywords: translation, borrowed words; terminology; terms; legislation; Code.

Abstract. *For any branch of linguistics the question of terminology is one of the most urgent. The titles of special definitions and terms, the system of definitions require special study. When identifying the lexical features of the language, the system and the description of definitions within the framework of terminology indicate that an analysis of language norms is required.*

The formation of international terms in the Kazakh terminology, the history of origin and its types are appeared in the reflections of scientific definitions. In the article, when applying borrowed words or translating into Kazakh, questions on etymological basis, semantic content, grammatical structure of terms, as well as regarding alternatives in other languages, are analyzed.

Today, the role of translation in the formation of legal terms used in international documents is a pressing issue. Comprehensive information on legal linguistics, the correct use of legal terms in the state language, the combination of lexical norms and legal are provided. Clarity and concreteness of the legal content of the law are interrelated with the correct translation of terms into the state language and with the terminological specifics of legal linguistics.

The process of implementation of new terms requires further development and modernization of the terminology of the Kazakh language and the norms of the culture of speech, therefore, the legitimacy of the application. Information on the formation and stabilization of language norms, as well as other issues in the framework of the considering problem are analyzed.

State pays attention at and takes concrete steps to further improvement and systematization of terminology. Today, the terminology is expanding, and special branches are complemented by their own new titles.

The basis of unification in terminology should begin with the correct formation of legal terms in the state language and combination of the lexical norm with the legal one. The development and formation of terminology is peculiar. We will not be mistaken if we say that this is connected with the ongoing political, economic, spiritual, cultural, historical and social changes in public life. The opinions of scientists who studied the history of the development of Kazakh terminology are not passed over.

Қазақ терминологиясындағы басты міндеттердің бірі – ғылыми ұғымды білдіру, сол арқылы ғылымды дамыту. Терминдер арнайы мамандар мен ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес. Шын мәнісінде терминдер шет тілдерден енгендіктен емес, халық тілі негізін-

де жасалады. Халықаралық терминологияның болуы – тіліміздің байлығын көрсетері анық.

Өз тіліміздің қыр-сырын жете білу, мән-мағынасын, күшін, әлеуеттілігін түсіну қажет етіледі. Шет тілдерден енген сөздердің өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, индика-

тов деген сөздің орысшасы – изъяснительное, ал қазақшасы – ашық рай деп аударылады. Нақтырақ айтқанда, амал-әрекеттің өткенде, қазірде және келешекте болуы болмауын білдіретін негепативті грамматикалық дәрежені айтады. Сол сияқты локатив – местный падеж – жатыс септік, сигнификат – обозначаемое – таңбаланушы, гомогенный – однородный – біртекті деген мағынада аударылды.

Ресми құжаттарда ең жиі қолданылатын сөз тіркестерін қазақшаға аударғанда алдымен сөздің түбірін тауып алып, содан кейін қазақ тілі қосымшалары жалғануы керек. «Орыс тіліндегі «химико-технологический институт», «физико-географические процессы», «литолого-петрографические исследования» деген сөз тіркестері «химико-технологиялық институт», «физико-географиялық үдерістер», «литолого-петрографиялық зерттеулер» емес, қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес, «химикалық-технологиялық институт», «физикалық-географиялық үдерістер», «литологиялық-петрографиялық зерттеулер» түрінде тәржімалануы тиіс.» [1, 29-б.].

Қазақ терминологиясында шешілмеген күрмеуі көп түйінді мәселелер жетіп артылады. Тілімізге араб-парсы, латын-грек, ағылшын, француз, неміс және т.б. тілдерден орыс тілі арқылы енгендіктен, орысшаланып кеткен сөздерді кездестіруге болады.

Ғалым Шерубай Құрманбайұлы «терминологияның қалыптасуында шет тілінен енген сөздердің түрліше аударылуы лингвистикалық, психоллингвистикалық тұрғыдан қарастыру екен» дегенді айтады. Интернационалдық сөздер өзге тілдің қатысуымен келіп, тілдік қорымызға қосылды. Яғни, бұл сөздер аударылмай сол күйінде қалған. Мәселен, ағылшын тілінен аударылған мына сөздер: accumulator - аккумулятор, alpha - альфа, alphabet - алфавит, сол сияқты атлас, атом, варваризм, катастрофа, бульдог хаос, фильм, элемент, фильм, минимум, философия [2, 67-б.].

Халықаралық терминдер мен кірме сөздерді қолданғанда немесе оларды қазақ тіліне аударғанда этимологиялық түпнегізіне, семантикалық мазмұнына, грамматикалық құрылымына, түркі тілдеріндегі баламаларына да мән берген жөн. Ангария, анклав, биоцид, депортация, де-факто тану, имплементация, нота, оптация, пролонгация, ратификация, цессия, экстрадиция сияқты сөздердің семантикалық мазмұнына мән беріп көрейік.

Ангария – көлік құрамын, соғыс мақсатында соғысушы тараптың аумағында жүрген біреуінің пайдалануы деп түсіндіріледі. Анклав – бір мемлекеттің аумағының бөлігі, биоцид – халықаралық қылмыс және жаппай жоюды білдірсе, депортация – тұлғаны басқа мемлекетке мәжбүрлеп жер аудару мағынасында қолданылады. Де-факто тану – ресми

тану, имплементация – халықаралық құқықты орындау үшін ішкі нормалардың орындалуы болса, нота – дипломатиялық хат алмасу құжаты, оптация – азаматтық таңдау, пролонгация – халықаралық шартты ұзарту, ратификация – халықаралық шарттың бекітілуі, цессия – екі мемлекет арасындағы келісім, бір мемлекеттің екінші мемлекетке шекарасын беруі, экстрадиция - қылмыскерді ұстап беру деген мағынада қолданылып жүр [3, 5-32-б.].

Жоғарыда айтылған кейбір сөздердің енді этимологиялық түпнегізіне де тоқталып өтейік. Мәселен, депортация сөзінің түп төркініне келсек, латынның deportatio деген сөзінен шыққан. Түбірі - депорт, ациј – жұрнақ, я – аяқталуы. Бұдан әрі deportation – апару, алып кету, қуғын-сүргінге ұшырату деген мағынаны білдіреді. Ал түбірі de деген сөзге келеді, яғни, бөлінуді, жоюды, бір нәрсенің болмауын және әрекеттің аяқталуы деген мағынада қолданылса, portare – жылжыту болып табылады. Аталмыш сөз венгр тілінде kitoloncolas, deportalas деп келсе, белорустар дэпартацыя деп атайды.

Имплементация - түбірі «имплемент», «ациј» – жұрнақ, «я» – аяқталуы. Ағылшын тілінде «implementation» – «орындау, жүзеге асыру» деген мағынаны білдіреді. Мұндағы «implere» – «толтыру», «in» – «в + plere» – толтыру, толықтыру, «ple - pelə» – «толықтыру, толық» деген сөздерден шыққан. Ағылшын тілінде «implementation», украин тілінде «імплементація» деп аударылады.

Оптация – «оп-та-ция» сөзінің түбірі – «опт», «ациј» – жұрнақ, «я» – аяқталуы.

М.Әуезовтың терминологияға қатысты пікірі «Тіл және әдебиет: кешегісі мен бүгінгісі» атты кітапта былайша келтірілген: «Арменияда тек медицинаның өзінен ғана қалыптасқан атаулардың саны 18 мың бопты, правоның атауларынан құралған сөздік 13 мың болып тоқталыпты. Ал Латвияда ғылымдық атаулардың сөздігі 40 мың сөзден құралады», - деп жазғанынан немесе «Қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктер өз еңбектерін өз тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады.» [4, 210-б.].

Қазақ тілі терминология мәселесі орыс тілінен енген нұсқаның басымдығына ие. Тілімізде қабылданған кірме сөздер Кеңес үкіметі кезінен бастап, дәл осы уақытқа дейінгі кезенді қамтиды. Мәселен, пленка – үлдірік, колонизаторство – отаршылдық, патриот – отаншыл, федерация – құрама, лекция – дәріс, поэма – дастан, методика – әдістеме деп қолданылып жүр. Сол сияқты дипломатиялық терминологияның да өзіндік бағыты бар.

Сыртқы саясат саласындағы терминдер қолданылуының да қазіргі таңда маңызы ерекше екенін айта кету керек. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап жаңа терминдер пайда

бола бастады. Елшіліктердің құжаттары мен хаттарында түрлі нұсқадағы терминдер көптеп кездеседі. Бұл орайда ғалымдар сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар саласындағы терминдерді біріздендірудің қажеттігін алға тартады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының осыған қатысты айтқан мынадай мәлімдемесі бар: «Қазіргі терминтануда терминологияны біріздендірудің бес сатысы атап көрсетіліп жүр. Бірінші – белгілі бір тар мамандықтың шеңберінде біріздендіру; екінші – сала шеңберіндегі біріздендіру; үшінші – нақты бір ұлт тілінің шеңберіндегі біріздендіру; төртінші – туыстас тілдер шеңберіндегі біріздендіру; бесінші – тіларалық, ұлтаралық біріздендіру; алтыншы – халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы бар тілдер арасындағы біріздендіру.» [5, 7-8 б.].

Орыс тілі арқылы термин алмасу елімізде бұрыннан келе жатқан терминология саласындағы құрал көздерінің бірі болып табылады. Сол себептен дипломатиялық терминдердің тілімізде орныққандарын қолданысқа енгізу қолайлы болмақ. Мысалы, «террор» сөзі «лаңкестік» деп аударылып жүр. Бұл терминнің түпнұсқасына қарағанда, сөздің мән-мағынасы біршама ауытқып кеткені байқалады. Бір жағынан «террор» сөзі саяси астары бар «қанды қылмыс» дегенді де білдіреді.

Бір айта кетерлігі дипломатия саласы – өзіндік бағыт-бағдарымен ерекшеленетін сала. Олай дейтін себебіміз, халықаралық терминдердің кейбірін ұлттық заңнамада еш аударусыз қалдыру, көп жағдайда сапасыз аударманың болуынан сақтайды.

Кейбір ғалымдар халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, дипломатиялық терминдердің аударылмайтынын алға тартады, бұл дегеніміз, саяси терминдерді қолдану барысында сәйкессіздіктерге жол бермеу үшін сыртқы саясат саласындағы терминдерді сол қалпында беру қажет деген сөз. Мәселен, референдум, оппозиция, депутат, Конституция, Сенат және т.б.

Іс-тәжірибе көрсеткендей халықаралық қатынас саласына қатысты құжаттарды аударуды қазақ тіліндегі мәтін жүйесінде пайдалану керек. Бұл бір жағынан дипломатиялық терминдерді аударуда қиындық келтірмейді. Кейбір сөздердің аударылмай, сол күйінде қалып жататыны да бар: делегация, конвенция, декларация, конгресс, консорциум, ротация.

Заң терминдерінің қалыптасуындағы аударманың рөлі маңызды. Халықаралық құжаттарда кездесетін терминдердің бірі «уголовное преступление» деген сөз тіркесінің сөзбе-сөз аудармасы «қылмыстық қылмыс» деп аударылады. Мағынасы бойынша 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі мәтінінде берілген қылмыстық қудалау (айыптау) /уголовное преследование (обвинение)/, қылмыстық құқық бұзушылық /уголовное правонарушение/, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет /уголовно-наказуемое деяние/ ұғымдары жақын келеді¹. Бұл жерде тура аударылғанына қарағанда, мағынасына қарай аударған дұрыс болады.

Заң лингвистикасы деген болады. Заң терминдерінің мемлекеттік тілде дұрыс түзілуінен, яғни оның лексикалық нормасының құқықтық нормамен өзара үйлесуінен басталуы тиіс. Заңның құқықтық мазмұнының түсінікті әрі нақты болуы да осыған байланысты. Мемлекеттік тіліміздегі баламасын жасау тәсілі заңнама лингвистикасының терминологиялық сипатын бір қырынан танытады².

Қолданыстағы заңнамада кездесетін аудармаларға қатысты төмендегіше мысалдар келтіріп, оларды зерттеп, кейбір сөздердің дұрыс аудармаларын ұсынып көруді жөн көрдік.

Бала асырап алу ұғымы мағынасы жағынан «Үй», «Жанұя», «Туыстық» сияқты жалпы түсініктермен байланысты. Үй – әлем бейнесінің маңызды бөлшектерінің бірі, адам тұрмыс-тіршілігінің бар саласын шоғырландыратын ерекше өркениет кеңістігі. Бала асырап алудың басты міндеттерінің бірі баланы Үймен қамту, оны отбасы әлеміне қосу болып табылады. Бала асырап алу адамның «Үйінің» мәнді-мағыналы толықтырылуын қалыптастыратын, оның құрамды көрінісін түзетін «Жанұялы» болуын қамтамасыз етеді.

О.Н. Зайкованың «Усыновление как социокультурное явление» тақырыбындағы диссертациясында берілген «усыновление» («бала асырап алу») терминінің мәні мен шығу тарихына шолу жасап өтейік³.

«Усыновление» («бала асырап алу») терминінің мәні мен шығу тарихы осы сөздің «сын» («ұл») және «явление» деген екі түбірден жасалғанын көрсетеді. «Явление» сөзі «осы, нағыз, шын, шынайы, шынында» деген мағынаны білдіретін «явь» сөзінен шыққан. Сол себепті бала асырап алу ұлды не қызды

¹ 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231/> 22.10.2018 жылғы жағдай бойынша.

² Заң лингвистикасы және терминдер // Толығырақ: <https://egemen.kz/article/161267-zanh-lingvistikasy-zhane-terminder>.

³ Усыновление как социокультурное явление. Ольга Николаевна Зайкова // Диссертации по гуманитарным наукам - <http://cheloveknauka.com/usynovlenie-kak-sotsiokulturnoe-yavlenie#ixzz5VTfH8e3m>

занды, шынайы, ашық ету қажеттілігі туындаған жағдайларда пайдаланылды. «Усыновление» мен «сыновец» (племянник) сөздерін салыстыру бала асырап алудың інінің не ағаның ұлдарына (қыздарына) қатысты қолданылғанын пайымдауға негіз болады.

Соңғы кезде «адопция» (латынша «adoptio» - «усыновление») термині бала асырап алудың синонимі ретінде қолданылып жүр. «Народы и религии мира» энциклопедиясында адопция – жасанды туыстықты белгілеудің түрі, жеке тұлғаны немесе бірнеше адамды қандай да бір туыстық топқа немесе жанұяға қосу деген анықтама берілген.

Бала асырап алу «туыстық» ұғымының көмегімен де жиі айқындалады. Бала асырап алуды жасанды туыстықтың түрі ретінде қарап, «жасанды» сөзін астарында «туыстық байланыс жоқ» деген мағына жатқан атауы ғана деп түсіну керек. Бала асырап алу әлеуметтік туыстықтың ерекше түрі бола тұрып, мәні биологиялыққа теңелген «туыстықтың өркен жаюын» білдіреді.

А.Құрманғалиеваның «Туыстық атауларының ерекшеліктері» еңбегінде қандас туыстық терминдерін қарастыруды семантикасы кең әрі ер - әйел оппозициясын да бейнелейтін «ұл» мен «қыз» терминдерінен бастаған. Себебі олар жалпы түркі тілдерінің барлығында бар және көне ескерткіштерде де, қазіргі түркі тілдерінде де семантикасы тұрақты⁴.

Ұл термині көне түркі ескерткіштерінде де, оғыз тобы тілдерінде де «оғул» түрінде ұшырасады. Ұйғыр тілінде «oqul», хакас, тува, шор тілдерінде «оол», ал якут тілінде дауыссыздың түсуіне байланысты дифтонг пайда болып «уол» түрінде пайдаланылады. Қыпшақ тілдерінде «о > у» → ул», ал татар, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдерінде бастапқы (у)-дың созылыңқылығы мүлде байқалмайды деуге болады. Алтай тілінде «уул», өзбек тілінде әдеби нормаға сай «уғил», чуваш тілінде «ывал» түрінде айтылады.

Ескі дәуірдегі ескерткіштерде «оғул» түбірінің өзі кең мағыналы болған. Ол Ибн-Муханна сөздігінде «бала, тұқым», М.Қашғари сөздігінде «quz ogul, quz oglan», мұндағы «оғыл, оғлан» сөздері «тұқым, бала» мағынасында беріліп тұр.

Сонымен, тірі жан-жануардың бәріне ортақ «бала, тұқым» деген бастапқы кең мағынада қолданылған «оғұл, оғлан, оғлақ» сөздерінің мағынасы кейіннен тарыла бастады да, нақтылана берді. Қазіргі кезде туыстық термині ретінде тұрақталды.

Қыз термині жалпытүркілік атаулар құрамына кіреді және барлық қазіргі түркі тілдерінде «қыз» мағынасында ұшырасады. «Қыз» ұғымы тува тілінде «уруг» терминімен берілсе, әзербайжан, түркімен тілдерінде «гыз», чуваш тілінде «хыр», якутша «кыыс» деп беріледі. Қыз термині күрделі терминдер құрамына кіреді: «қыз кардаш - «қыз қарындас», «қыз оғул» - «қыз, бойжеткен», «оғул қыз» - «балалар». Башқұрт тілінде «qid qiqin» - «қыз, қыз-қырқын». «Қырқын» бұрынғы заманда «күн, тұтқын қыз» мәнінде болған. Бұл туралы М.Қашғари сөздігінде бар.

2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі - Неке кодексі) 1-бабының 9) тармақшасында «бала асырап алу (усыновление (удочерение))- нәтижесінде шығу тегі бойынша туыстарының құқықтары мен міндеттеріне теңестірілетін жеке мүлдік емес және мүлдік құқықтар мен міндеттер туындайтын сот шешімі негізінде баланы (балаларды) отбасына тәрбиелеуге берудің құқықтық нысаны» деген ұғымды білдіреді. Бұл ретте «усыновление (удочерение)» сөздерінің қазақ тіліндегі аудармасы «бала асырап алу» деп алынған⁵.

Осы Кодекстің 1-бабы 2-тармағында берілген «усыновление (удочерение)» ұғымы «бала (қыз) асырап алу» деп түсіндірілген. Бұл жерде аударманың аражігін ажыратса, «усыновление» сөзінің аудармасы «бала асырып алу», «удочерение» сөзінің аудармасы «қыз асырап алу» екенін байқауға болады. Ал Неке кодексінің 155-бабында «пасынков и падчериц» деген сөздер «өгей ұлдар мен өгей қыздар» деп аударылған. Сонымен қатар Неке кодексі 13-тарауының тақырыбында және кейбір баптарында «усыновление ребенка» («усыновление детей») деген сөздер «бала асырап алу» («балаларды асырап алу»), яғни «усыновление» сөзі «асырап алу», «ребенка» («детей») сөзі «бала» («балалар») деп аударылған.

Неке кодексінің 1-бабы 8) тармақшасында «бала (балалар) - он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам» деген ұғым берілген.

Осы Кодексте және жалпы алғанда «ағалары мен апаларының өздерінің кәмелетке толмаған туған інілері (қарындастары) мен сіңлілерін күтіп-бағу жөніндегі міндеттері» деген тақырыбында орыс тіліндегі «братъев и сестер» сөздері ерекшелігіне қарай аударылған.

Жоғарыда айтылғанның негізінде «усы-

⁴ Туыстық атауларының ерекшеліктері. А.Құрманғалиева //http://www.rusnauka.com/3_ANR_2015/Philologia/3_186370.doc.htm//.

⁵ 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі// http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518 // 22.10.2018 жылғы жағдай бойынша.

новление (удочерение)» сөздерін «ұл (қыз) асырап алу», яғни «усыновление» сөзін «ұл асырап алу», «удочерение» сөзін «қыз асырап алу» деп аудару ұсынылады.

Неке кодексінің 91-бабы 2-тармағында «...кәмелетке толған адамдар бала асырап алушылар болуы мүмкін» (усыновителями могут быть совершеннолетние лица), 69-бабында «кәмелетке толмаған ата-аналардың» (несовершеннолетних родителей), сондай-ақ 138-бабы 1-тармағында «кәмелетке толмаған балаларын», «кәмелетке толған балаларын» деп кәмелетке толған не толмаған адамды, ата-ананы, баланы атап көрсеткен.

Дегенмен, Неке кодексінің 67-бабы 1-тармағында, 122-бабы 3-тармағында, 130-бабы 3-тармағында «несовершеннолетний» сөзі «кәмелетке толмаған бала» деп, ал 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы»⁶ және 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстерінде⁷ осы сөз «кәмелетке толмаған адам» деп аударылған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабы 3-тармағына сәйкес «Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар (совершеннолетние трудоспособные дети) еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті». Сонымен қатар қолданыстағы заңнамада баланың - он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам деп түсіндірілгенін жоғарыда айтып өттік⁸.

Негізге келтірілгендерге сүйене отырып, «несовершеннолетнее лицо» сөздерін «кәмелетке толмаған адам», ал «несовершеннолетний» сөзін «кәмелетке толмаған бала» деп аудару ұсынылады.

Заң саласына қатысты көптеген терминдер өз саласында ғана емес, күнделікті өмірде де жиі қолданылып жүр. Мәселен, «услуга» сөзі «қызмет» деп аударылады. Ал «государственная служба», «государственная услуга» сөздерінің мағынасы әртүрлі болғанымен, «мемлекеттік қызмет» деген сөзбе-сөз аудармасы бірдей. Дегенмен мағынасына байланысты «государственная услуга» сөздері «мемлекеттік көрсетілетін қызмет» деп аударылатынын байқаймыз.

Қолданыстағы заң саласына қатысты терминологиялық сөздерден мысал келтіре кетейік. «Дикая» - вира, - «жабайы» вира, формула «жиро» - «жиро» формуласы сөз тіркестері сөзбе-сөз аударылған. Сол сияқты вар-

рант сладской – қоймалы варрант, динамика преступности – қылмыстық динамика, юридическая конфликтология – заңи конфликтология, легация – легация деп аударылып жүр [6; 7-8 б.].

Әзірленген негізгі құжат түрі заң жобаларына сәйкес ресми тілде әзірленеді. Ал заң жобасының бастапқы әзірленген ресми тілдегі нұсқасына сараптама жүргізіліп отырады. Маманның белгілі терминдер мен сөз тіркестерін негізге ала отырып аударған құжаттары заң техникасына сай негізделеді. Құжатты әзірлеуде мәтіннің бұрмалануы, құқықтық норма мазмұнының ашылмауы, терминдер мен ұғымдардың әртүрлі баламаларының пайда болуы, аударманың сапасыздығы, мәтіндердің сәйкессіздігі деген басты мәселелерге назар аударылады. Заң жобаларын заң техникасына сәйкес келу тұрғысынан да, лингвистикалық талдау тұрғысынан да сараптаудан өткізсе, заң жобасы, халықаралық шарттар, басқа да актілер мәтіндерінің дұрыстығы толық қамтамасыз етіледі. Басты себеп, құжаттардың ресми тілдегі нұсқасының дұрыстығы жан-жақты талқыланады әрі толық сараптамадан өтуі қадағаланады.

Бүгінгі таңда қазақ тілінде жаңа сөздер мен тіркестерді заң саласына енгізу күн тәртібінен ауытқыған жоқ. Мәселен, заң әліппесі – азбука закона, заңдар топтамасы – блок законов, заңды рецидив – рецидив легальный, заңи конфликтология – юридическая конфликтология, заңсыз сыйақы алу – получение незаконного вознаграждения және т.б. Аталған терминдердің елімізде тәуелсіздік алған кезден бастап қолданысқа енгізілгені белгілі.

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ қоғамындағы әкімшілік орындарында қолданылған терминдер жайлы да айта кетейік. Атап айтатын болсақ, «бұйрық-жарлықтары» «повеление и указы», «указы» деп аударылып жүрді. «Мұның біріншісі түркі тілдерінде ежелден келе жатқан «ярук, ярлук» «жарығ, жарлық» сөзі де, екіншісі - осы мағынаны білдіретін араб сөзі, бұл көбінесе хан, сұлтан, қазылар тарапынан берілетін указға сай келеді. «Фарман» сөзі «пәрмен» түрінде халық тіліне де енсе керек, мәселен, «Патшадан пәрмен болған соң («Қамбар»)», бұл сөзді Н.И. Ильминский де 1861 жылғы сөздігіне енгізген: пәрмен - повеление [7, 31-б.]. Қазіргі кездегі ресми құжаттарда положение - ереже, распоряжение - өкім, приказ - бұйрық, тюрьма - абақты деп аударылады.

⁶ 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235//> 31.10.2018 жылғы жағдай бойынша.

⁷ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226//> 22.10.2018 жылғы жағдай бойынша.

⁸ Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_/22.10.2018 жылғы жағдай бойынша.

Тіл маманы Рәбиға Сыздықова терминологияға қатысты көптеген зерттеу еңбектерін жазған. Кеңестік дәуірде кездесетін терминологияға байланысты ұғым атауларына көп мән береді. 1920-1960 жылдары «тыңайтқыш», құнарландырғыш»; «қосымша құн», «түсер құн»; «басылу», «басылым»; «оқушы», оқырман»; «азамат соғысы», «азаматтық соғыс»; «жұмыскер», «жұмысшы» деген нұсқалардың қолданылуын да тілге тиек еткен. Ғалымның терминологияға қатысты айтқан пікірі мынадай: «Әсіресе заң-заңға қатысты ресми құжаттарда заң терминдері, негізінен, қазақша қалыптаса бастаған. Бұған осы саладағы ұғым атауларының бұрыннан қазақтардың әдет-ғұрып заңы («Обычное право») бойынша жасалып, тұрақталып қалғаны үлкен себепкер болады. Олар: дау, бітім, билік, кеңес (заседание), айғақ, құн, жаза, жауапкер, іс қорғау (защита), тергеу (судопроизводство), мойнына алу (признание), даугер, тоғыз, бір тоғыз, төре, төбе басы, шығын, тергеу, іс қорғау, іс (дело служебное) сияқты сөздер. Бұл саладағы қалыптасқан терминдердің ішінде бұрыннан келе жатқан араб-парсы тілдеріндегі сөздер де, жаңадан еніп, едәуір тұрақталып үлгерген орыс тіліндегі сөздер де бар. Олар: куэ (h), куэ (h) лік, күнә, кефіл...кепіл'арз, салауат айп/ай-ып, шарі'ат/шариғат, міндетті істер (обязанности), содыя мировой содыя, сот, закон, статья, қызмет (служба), падсалық қызмет (государственная служба), общество (население), түрме, сот, каталешке, пауерени (поверенный), залок, адуакат /адбекет т. б.» [7, 251-б.].

Қазіргі технология мен ғылымның нағыз дамыған кезінде тілдің қоғаммен бірге дамып, өзге тіл сөздерінің енуі арқылы жаңа сөздермен толығып отыратыны табиғи заңдылық. Осыған орай жаңа терминдер ұғымына «Уикипедия» ашық энциклопедиясы негізінде⁹ анықтама бере отырып, осы мәселе барысына тоқтала кетейік.

Белгілі бір мекеменің және оған жиналғандардың басқосуын «дөңгелек үстел», «конференциялар» деп, ал білімін жетілдіру үшін бас қосқандардікін «курстар», «семинар», «лекция» деп атайтын болған. Бұл атаулар қазіргі кезде де қолданылып жүр. Мәселен, конференция латынның «confere» «бір жерге жинау» деген сөзінен шыққан. Конференцияның бірнеше түрі бар: ғылыми конференция, баспасөз конференциясы, бизнес конференция және т.б. Ал, «лекция» сөзі латынның «lectio» деген сөзінен жасалып, «оқу» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар «семинар» сөзі латын тілінің «semen» (дән) сөзінен жасалған «seminarium» сөзінен шыққан, тура

мағынасында «көшетжай, тәлімбақты» (рассадник, питомник), ауыспалы мағынасында «мектепті» білдіреді, оған жоғарғы оқу орындарында оқытушының басшылығымен өтетін топтық практикалық сабақ немесе қандай да бір арнаулы даярлықты, біліктілікті арттыру мақсатында өткізілетін топтық жұмыс деген анықтама беріледі.

Нетворкинг – ағылшын тілінен аударғанда, net – желі + work – жұмыс жасау, пайдалы байланыс деген мағынаны білдіреді. Яғни, әлеуметтік және кәсіби бағыттағы мәселелерді (баланы бақшаға орналастыру, жұмысқа орналасу және т.б.), іскерлік мәселелерін (клиенттер табу, инвесторларды тарту, ең үздік қызметкерлерді жалдау және т.б.) барынша жылдам әрі тиімді шешуге арналған жоба. Оның астарында сенімді әрі ұзақ мерзімді қарым-қатынас пен өзара ықпал ету жатыр.

Белгілі ғалым-жазушы Алексей Бабушкин нетворкингті 3 түрге бөледі: а) өнімділік деңгейі – адамның жаңа байланыстарды орнатуы мен дамыту нышандары; ә) стратегиялық деңгейі – бұл кезең танысуды белгілеу мақсатын нақты түсіну арқылы сипатталады; г) философия деңгейі – адамдық қарым-қатынас құндылығы туралы терең түсінікпен сипатталады.

2012 жылдың 2 шілдесінен бастап Ресейде «Ресейдегі нетворкинг күні» атты іс-шара өткен болатын. Ресейде нетворкингтің өтуі 4 мемлекетпен байланысып жатыр. Олар Қазақстан, Беларусь, Швейцария және Ұлыбритания.

Бұл термин елімізде замануи терминдердің бірі ретінде қолданысқа енгізілуде. Жүргізілген зерделеу барысында 2018 жылғы қазан айындағы жағдай бойынша осы жаңа терминдердің кейбір елдердің баспасөз беттерінде, жекелеген құжаттарында, халық арасында қолданылатыны, ресми бекітілмегені анықталды, сондай-ақ ТМД елдері заңнамаларының дерекқорында¹⁰ кездеспеді. Алайда, елімізде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығында 11-сынып оқушылары үшін «Кәсіпкердің жеке қаржылық сауаттылығы мен өзін-өзі алға жылжытуы» бөлімінің «Нетворкинг (іскерлік байланыс орнату)» бөлімшесінде осы сыныпта білім алушылардың білім нәтижесі: 1. Адамдармен қарым-қатынастың сенімділігі әрі ұзақ мерзімділігінің және өзара көмек көрсетудің маңыздылығын түсінуі; 2.

⁹ «Уикипедия» ашық энциклопедиясы // <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

¹⁰ ТМД елдері заңнамаларының дерекқоры // <http://base.spinform.ru/>

Жеке жұмыстарының шешімі үшін кәсіби қатынас әлеуетін пайдалану мүмкіндігіне қатысты өз көзқарасын білдіруі деп көрсетілген¹¹.

Ал, нетворкинг АҚШ-та өте жақсы дамыған. Оған негіз ретінде Маргарита Акуличтің «Нетворкинг и коворкинг в бизнесе и маркетинге» атты еңбегін алуға болады. Онда нетворкинг адамдардың бір-бірімен қатынас жасауына бағытталған және кез келген бизнестің ажырамас бөлігі болып табылады деп түсіндірілген. Мысалға АҚШ-ты алсақ, осы елде нетворкингті мектеп жоспарының бір бөлігі ретінде мектепте үйретеді. Оқушыларды өзін таныстыруға, өзі туралы айтуға, ойын білдіруге, басқа адамдарға көмектесуге үйретеді. Осындай машықтар нетворкинг пен тәрбие беруде негізгі бола отырып, кейіннен күнделікті дағдыға айналып кетеді.

Нетворкингтің міндеттер кешеніне, ең алдымен тиімді тәжірибе мен ақпарат алмасу міндеті қойылады. Оның мағынасына «жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын», «жең ұшынан жалғасу» сияқты мақал-мәтелдер сәйкес келеді. Инвестор немесе басқа қажетті бизнес-тұлғаны табу үшін нетворкинг шеңберінде байланысты дамыту өте пайдалы. Егер АҚШ-ты алатын болсақ, бұл елде ең бастысы байланыс болып саналады. Нетворкингке өз кезегінде білім мен машыққа салынатын капитал ретінде қарауға болады¹².

Осы сияқты кейбір жаңа терминдердің анықтамаларына да қысқаша шолу жасап кетейік.

Стартап – ағылшын тілінен аударғанда start-up – іске қосу, бастап кету деген мағынаны білдіреді. Жоғары технологиялардың дамуын ескере отырып, жаңа жобаларды high-tech стартап деп те атайды. Бұл терминді барлық салаларға қолдануға болады, бірақ көбінесе IT және интернет-жобалар бағытында қолданылады. IT саласында жаңа пайда болып келе жатқан немесе құрылуы жоспарланған компанияларды стартап деп атайды.

АҚШ-тың кәсіпкері Стивен Бланк осы бағыт бойынша өзінің әдісін қолданған болатын. Стартаптардың жаңғыртылатын және масштабталатын негіздемесін ала отырып, кәсіби бизнеспен айналысатын мамандарға жаңа үлгісі ұсынылады.

Вебинар – онлайн конференцияны немесе онлайн режимде жасалған жиынды айтады. Ағылшын тілінен аударғанда «желілік» деген мағынаны береді. Бұл жағдайда көбіне бір адам белгілі тақырыпта вебинер өткізіп,

басқа қатысушылар онлайн режимде көріп отырады. Әртүрлі бағыттағы идеялар ұсынылады. Жиынның бұл түрі бір жағынан уақытты тиімді пайдалануға себебін тигізеді.

Митап – ресми емес кездесу. Бұл жерде бас қосуға жиналғандар өз ойында жүрген пікірлерімен бөліседі. Соңында адамдардың ойы бір-бірімен алмасып жатады. Митаптар аясында мамандар мен қатысушылар бірқатар анықтамаларға қатысты өз ойларын еркін білдіре алады.

Мастер-класс – ағылшынның «master class», немістің «Meisterkurs, Musikpädagogik», француздың «Classe de maître» деген сөздерінен шыққан. Шығармашылық қызметтің белгілі бір саласының маманы жүргізген практикалық дағдыларды жетілдіру үшін өзіндік оқыту әдісі болып табылады.

Акселератор – басқа компанияларға көмектесу үшін жұмыс жасайтын компанияны айтады. Акселераторлар тұрғындарға бизнес-модельді жетілдіруге, қажетті байланыстарға қол жеткізуге және сату көлемін арттыруға көмектесетін құрылымдық бағдарламаны ұсынады.

Блокчейн – ағылшынның «blockchain, block chain» деген сөздерінен шыққан. Мағынасы бойынша белгілі бір ережелерге негізделген ақпаратты қамтитын тұрақты блоктар тізбегін білдіреді. Қағазға жазылатын деректердің барлығын blockchain-ге де жазуға болады. Бір ерекшелігі blockchain-де жазбаны қолдан жасауға, өшіруге, жасыруға болмайды. Өйткені кез келген адам blockchain деректерін, олардың мазмұнын орындаушы рұқсат еткеннен кейін ғана көре алады.

Коммит – мәмілені табысты аяқтау үшін SQL транзакциясын басқару туралы мәлімдеме болып табылады. Көптеген ақпараттарды жазу, жалпыға ортақ міндеттемелерді қарастыру кезінде қолданылады. Коммит жазудың өзіндік үлгісі бар. Ең негізгі мәлімдемесі ретінде бастысы «Не істеу керек?» деген мәселеге назар аударылады.

Хакатон – ағылшын тілінен аударғанда hackathon, hack (хакер) және (marathon – марафон) әзірлеушілер деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі таңда хакетондар хакерге мүлдем жатпайды. Олар тек марафондарды бағдарламалау ісін жүзеге асырады. Кейбір хакетондар білім беру немесе әлеуметтік мақсаттарға арналған, бірақ көбінесе хакетонның міндеті толыққанды бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіріп отыру болып табылады.

¹¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығы // http://adilet.zan.kz/rus/docs/V13008424_2/compare//22.10.2018 жылғы жағдай бойынша

¹² Маргарита Акулич «Нетворкинг и коворкинг в бизнесе и маркетинге» // <https://books.google.kz/books?isbn=5040881568/>

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы міндеттерінің бірі - Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде екені көрсетілген. Осы Жолдауда Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет... Алайда, соңғы жылдары әлемде қалыптасқан 7 мың термин қазақ тіліне аударылған... Осындай аудармаларды негіздеу тәсілдерін қайта қарастырып, терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек» деп¹³, терминология, аударма мәселелері бойынша нақты тапсырмалар берді.

Аталған тапсырмаларды орындау мақсатында жоғарыда келтірілген жаңадан ену үстіндегі заманауи және өзге де терминдердің өзгеріссіз сол қалпында қалып не мағыналық немесе тұлғалық өзгерістермен саралаудан әрі талдаудан өткеннен кейін ғана ресми бекітіле отырып, қолданысқа енгізілуі керек деп тұжырымдаймыз.

Ғалымдар терминдер мен терминологиялық жүйелердің лексикалық ерекшеліктеріне сәйкес былайша ажыратып береді: 1) басқа тілге аудару; 2) басқа тілден енген сөздер (кірме сөз); 3) тұрпат межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 4) мазмұн межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 5) көп мағыналылық; 6) омонимия; 7) синонимия; 8) антонимия.

Тіл мәдениеті – қазақ тіл білімін зерттейтін қоғамдық салалардың бірі. Бұл саланың өзгелерден айырмашылығы – күнделікті өмірде тілді қолдану тәжірибесімен тікелей ұштасып жататындығында. Сол себептен тіл мәдениетінің қалыптасуы оның проблемалары, даму бағыты мен болашағы деген мәселелерге келіп тіреледі. Қазақ тілінің терминологиясы тілдегі мәдениет нормаларының, яғни қолданыс заңдылықтарының қалыптасуын қажет етеді. Тіл мәдениетін зерттеушілер жазба әдеби тіл кезеңінің сұранысын тілдік нормалардың қалыптасуымен, біршама тұрақталуымен, заңдастырылып хатқа түсуімен байланыстырады.

Қозғалған мәселе бойынша айтылғандарды түйіндей келе, кейбір қолданыстағы

терминдердің енуі мен қалыптасуында мағыналық ұқсастықтарды тауып, ұғымдық белгілерін жете зерттеуді қажет ететінін байқадық. Ол үшін терминдерге қойылатын талаптарды ескере отырып, оларды термин ретінде қалыптастырған қолайлы.

Халықаралық терминологияда тіл дамуының оң құбылысын пайдалана отырып, ғылыми терминдік атаулар күнделікті өмірде жиі қолданылып келеді. Терминология процесінде терминдік ұғым дәл, толық берілсе, тілдік норма талабын ақтаған болып шығады. Көптеген өркендеген елдердің халықтарына ортақ, түптамыры латын, грек тілдері болып келетін мындаған терминдерді қазақ тіліне аудару үрдісі кенее түсуде.

Тілдегі өзгерістер сөз мағынасының және құрылымының, атқару қызметінен бөлек, семантикалық мазмұны мен этимологиялық түп-төркіні де ескеріледі. Қазақ тілі терминологиясының халықаралық талаптарын ескере отырып, кірме және төл терминдермен байланысып жатқанын байқаймыз. Аударма барысында негіздеу тәсілдерін қайта қарай отырып, терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек, сонымен өатар терминдердің өзгеріссіз сол қалпында қалуы не өзгеріске ұшырауы саралаудан әрі талдаудан өткеннен кейін ғана ресми бекітіле отырып, қолданысқа енгізілуі керек.

